Мектеп психологы С.Қалмағанбетова 8-11 кластарды екі топқа бөліп психологиялық тренинг өткізді. Бұл тренингте оқушылар арасындағы шиеленіскен жағдайларды қалай шешуге болады деген тақырыпта әңгіме өрбітіп, көптеген психологиялық ойындар ойнатты. Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейімділігінің «тәуекел тобын» анықтау үшін тестілер алды.

Сурет пәнінің мұғалімі Ә.Ұлтанбекованың ұйымдастыруымен 5-7- сыныптар арасында «Қауіпсіздік шұғыласы» атты сурет көрмесі өткізілді. Көрмеге 13 оқушының суреттері ілініп, ерекше көзге түскен суреттердің иелері мектеп директорының арнайы мақтау қағазымен марапатталды.

Жоғарғы сынып оқушыларынан оқушылар арасындағы зорлық – зомбылық түрлерін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамада мектеп оқушылары арасында ақша

жинау, бірін- бірі ұрып соғу фактылері кездесе ма деген сұрақтар төңірегінде берілді. Сауалнама нәтижесі бойынша ондай әрекеттердің жоқ екендігі анықталды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Жолың болсын балақай» жол ережесіне байланысты класс сағаты өткізілді. Оқушыларды жолда жүру ережелерімен, жол белгілерімен, бағдаршам туралы түсінік берілді.

Жол ережесін сақтау мақсатында «жол ережелері» қаласына саяхатқа шығып, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар бағдаршам, жол белгілері туралы өлең шумақтарын айтты. Жаяу адамдардың міндеттері туралы не білетіндері сұралып, толықтыру жұмысы жүргізілді. “Бағдаршам” туралы ойын ойнатылды. Бағдаршам түстерін таңдап, қызыл түсін алған оқушы шеңбер құрып отырды, сары түсін алған оқушы шеңберді айналып тұрды, ал жасыл түсін алған оқушылар шеңберді айналып жүрді. Оқушылар қызығушылықпен белсене қатысты.

Мектеп тәлімгері Г. Оспанова «Қозғалыстың жас инспекторлары» тақырыбында жол ережесін дұрыс сақтауға байланысты іс –шара өткізді. Оқушыларды жол белгілерімен таныстыра отырып, оларды қай кезде, қандай жағдайларда қолдану керектігіне түсініктемелер берді. Оқушылар өте қызыға қатысып, тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап беріп отырды. Оқушылар бағдаршам түстері арқылы топтарға бөлініп өздеріне берілген тапсырмаларды мұқият орындап шықты. Сабақ сайыс түрінде өткізіліп, оқушылар берілген кезеңдерден сүрінбей өтті.

Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық - зомбылықтың алдын алу мәселесі жөнінде ата-аналар жиналысын өткізілді. Жиналыста мектеп басшысы Ж.Құлғазиев өзі ашып, ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін сақтауға қажетті шаралардың жүргізілу барысы туралы, қазіргі балалар арасындағы жағдайлар жайлы түсініктер берді. Ата-аналарды бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

**2022-2023 оқу жылы** бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері аясында 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру.

### **Тәрбиенің мақсаты, міндеті мен қағидаттары**

Қазақстан Республикасындағы балалар мен жастарды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін айқындауға бағытталған білім берудің тұжырымдамалық негіздері бүгінгі күні барлық білім беру жүйесіне «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген барлық мақсаттар мен міндеттерді қарастырады, барлық деңгейдегі білім алушыларды оқытудың сабақтастығын қамтамасыз етудің міндетті шарты болып табылады.

Білім берудің мақсаттарын, міндеттерін (мазмұнын) жаңғыртудың негізгі шарты Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық сәйкестікті сақтау, білімді табынушылық, эволюциялық, революциялық емес даму, сананың ашықтығы, ХХІ ғасырдағы адамға лайықты қасиеттер ретінде қоғамдық санасын жаңғыртудың стратегиялық көрсеткіштерін ескеру болып табылады.

**Тәрбие жұмысының басым бағыттар:** Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері. Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын жұмыстар ұсынылған.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Патриоттық сана қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпыадамзаттық адами қасиеттер негізінде көп мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру үшін интеграцияланған, үздіксіз және тұрақты жүйені құру.

2. Мектеп қабырғасында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғалар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыруға және өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға ұмтылуға баулу.

3. Қазіргі заман қоғамында әлеуметтік рөл жүйесін орындауда балалардың өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту, тұлғаның қабілетін және дайындығын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру.

4. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қараусыз қалудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстың тәрбие беру үрдісіндегі барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынас жасауды және ықпал етуді күшейту.

5. Сынып жетекшілерінің ӘБ қызметін жандандыру арқылы сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

6. Отанға, туған өлкеге деген азаматтық-патриоттық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру тәрбиесі – мерекелерге, тәрбие жұмысының барлық бағыттарын, мектептің өзін-өзі басқару жүйесін қамтитын іс-шаралар жоспарлы дайындалып, іске асырылған.

Тәрбиелік мәні – патриоттық сезімді ояту, саламатты өмір салтын насихаттау, ұлттық құндылықты оқушы бойына сіңіру, азаматтық, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту, ұжымдық өмір нормаларына тәрбиелеу.

Мектеп қабырғасында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғалар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыруға және өзін-өзі дамытуға, өздігінен білім алуға ұмтылуға баулу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп отырған.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша жылдық жоспарда біршама жұмыстар жоспарланған.

Сынып жетекшілер отырысын (семинар) өткізілді. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік хатпен таныстырл

Ата-аналар мектеп әкімшілігімен кездесіп, түрлі мәселелер бойынша сынып жетекшілермен, әлеуметтік педагогпен тілдесіп, балаларға, мектепке қатысты көкейдегі сұрақтарға жауап алды. Мектептің ішкі тыныс - тіршілігімен танысып, қолға алынып жатқан жобалардан да хабардар болды. Ұрпақ тәрбиесі деген ортақ мақсатымыз жолында ой бөлісіп, өз пікірлерімен бөлісті.

Ашық есік күнінде сұрақтардың басым көпшілігі

📖 МАД тобына оқушыларды қабылдау үшін қажетті құжаттар тізімі бойынша;

📖 1 сыныпқа қабылданған оқушылардың мектеп формасы, қосымша сабақтар жөнінде;

📖 Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен берілетін көмектер;

Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы;

Жаңа оқу жылындағы жаңалықтар мен жаңаша жобалар және мектепке жол акциясы аясында берілетін көмектер жайында болды. 10 тамыз күні Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты №39 "Қызылөзек" орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде АШЫҚ ЕСІК күні өтті.

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ - 2022» Республикалық акциясы!

№39"Қызылөзек" орта мектебі бойынша дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы бастау алды. Тамыздың 1-нен бастап қыркүйек айының 30-на дейін жалғасатын шара «Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық!» ұранымен өтпек.

2022 жылы 27- тамыз күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Мектепке жол» Республикалық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Ауылымыздың әрбір азаматы және мектебімізден түлеп ұшқан шәкірттер, мектеп ұстаздары халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде белсенділік танытып, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алды.

Акция барысында мектебімізден 50 оқушы қамтылды. 15 оқушы мектеп кәсіподағы тарапынан, 35 оқушы ауыл кәсіпкерлері мен мектебімізден түлеп ұшқан шәкірттерінің, демеушілердің тарапынан мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Жаңа 2022-2023 оқу жылы 1 сыныптар үшін 35 апта, 166 оқу күні, жоғарғы сыныптар үшін 36 апта, 173 оқу күні және 5 күндік оқу күні болып бекітілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу аясында 2022 жылғы 7 қыркүйек күні сағ. 11.00-де №39 "Қызылөзек" орта мектебінде 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен мемлекеттік тілде жалпықазақстандық ашық диктант өтті

5 қыркүйек – Ахмет Байтұрсынұлының туған күні және Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі қарсаңында «Ахмет Байтұрсынұлы - дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында диктант жазу жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: этносаралық қатынас тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

"2022 - Балалар жылы" аясында Қазақстан халқы тілдері күніне және қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай ұйымдастырылған "Ұлт тілін ұлықтаған" атты көркемсөз шеберлерінің облыстық байқауында №39"Қызылөзек" орта мектебінің 5 "б" сынып оқушысы Қуаныш Инабат II дәрежелі Дипломмен,

6 "А" сынып оқушысы Әбуғали Інжу Алғыс хатпен марапатталды

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі аясында қазақ әдебиетінің классигі, ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған "Рухани болмысты жаңғырту - ұрпақ ұлағаты" атты дәстүрлі облыстық ділмар шешендер байқауында №39" Қызылөзек" орта мектебінің 7 "А" сынып оқушысы Аманқос Медет Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

АХМЕТ-ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ.

Қазақстан халқының ұлт жанашыры А. Байтұрсыновтың 150жылдық мерейтойына орай 5-7сыныптар аралығында тәлімгер Б. Ержанованың ұйымдастыруымен Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайыс екі кезеңнен тұрды. 1.Көркем сөз сайысы.«Ахмет мысалдары» бағытында ақынның мысалдарын жатқа айту. 2.«Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға» бағытында қатысушы Ахмет Байтұрсынов өлеңдерінің ішінен бір өлеңін жатқа немесе прозалық, драмалық шығармаларын мәнерлеп оқу.Мектепшілік Ахмет Байтұрсынов оқуларының жеңімпаздары дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

21 қыркүйек күні Білім және Ғылым министрлігінің білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдығына арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде білім беру ұйымдарында "Мектеп Парламенті" өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде "Мектеп Парламенті" президентін сайлауы өткізілді. Сайлауға 8-10-сынып оқушыларынан үміткер ретінде Кеңес Нұрай,Бақтияр Нұрислам,Қуаныш Ақниет,Исатайұлы Нұрислам,Әбдікәрім Дана,Мырзабек Ақбота ұсынылды. Сайлауда жоғары көрсеткішпен 70% дауыс жинаған 10 «А» сынып оқушысы Әбдікәрім Дана "Мектеп Парламенті" ӨӨБ ұйымыПрезиденті болып сайланды.

1қазан қарттар күні қарсаңында жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге халқының салт дәстүрлерінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымы «Мектеп парламенті» мүшелері ауылымыздағы жалғыз басты Злиха әжемізді мерекесімен құттықтап, жүрек жарды лебіздерін білдіріп, барып қайтты. Әжеміз оқушыларымызға ризашылығын білдіріп, батасын берді.

#### 📖 «ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ»

1қазан Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай, №39«Қызылөзек» орта мектебінде «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында ардагер ұстаздарға арналған мерекелік іс-шара болып өтті. Білім беру саласында аянбай еңбек етіп, шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берген, мектебімізде талай жыл қызмет жасаған ардагер ұстаздарымызды мектеп басшысы Жасұлан Махмұдұлы және мектеп кәсіподақ ұйымының төрайымы Лена Әкімханқызы айтулы мерекемен құттықтап,сый- сияпаттарын табыстады.Мектеп мұғалімдері шараға қатысқан барша ардагер ұстаздарымызға ізгі тілектері мен әсем әндерін арнады. Ардагер ұстаздарымыз мектеп басшылығына және шара ұйымдастырушыларына жылы лебіздерін айтып, батасын берді. Кеш соңында мектеп психологтары ардагер ұстаздарымыз бен немерелеріне жалпы отбасындағы қарым қатынас құндылықтарын орнату мақсатында «Аялы алақан» трейнингін өткізіп, жақсы көңіл күй сыйлады.

Бүгінде «Мектеп- Театр» жобасы аясында мектебіміздің оқушылары қалалық, облыстық сайыстардан жүлделі орындар иеленіп жүр. Атап айтатын болсақ:

- **ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ** жалпы орта білім беру ұйымдары арасында "Темірбек Жүргенов-тарихи тұлға,ұлт жанашыры"тақырыбында өткен мектеп театрларының облыстық байқауының қалалық кезеңінде №39 "Қызылөзек" орта мектеп оқушылар театры ІІІ орын иеленіп, Қалалық білім бөлімі басшысының ДИПЛОМЫМЕН марапатталды.
- “Әбіш оқулары” байқауының қалалық кезеңінде Әбіш Кекілбаевтың шығармаларынан сахналық қойылым бағыты бойынша №39 "Қызылөзек" орта мектебі жүлделі І орынды иеленіп, облысқа жолдама жеңіп алды. Жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасындағы "Әбіш оқулары" республикалық ғылыми-шығармашылық байқауының республикалық кезеңінде Ә.Кекілбаевтің шығармаларынан сахналық қойылым бағыты бойынша №39 "Қызылөзек" орта мектеп командасы Ақтау қаласына барып арнайы Алғыс

хатқа ие болды.

Жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасындағы "Әбіш оқулары" республикалық ғылыми-шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде Ә.Кекілбаевтің шығармаларынан сахналық қойылым бағыты бойынша №39 "Қызылөзек" орта мектеп командасы I орын иеленіп, Қызылорда облысы бойынша білім бөлімі басшысының ДИПЛОМЫМЕН марапатталды.

Жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасындағы "Әбіш оқулары"

республикалық ғылыми-шығармашылық байқауының республикалық кезеңінде Ә.Кекілбаевтің шығармаларынан сахналық қойылым бағыты бойынша

№39 "Қызылөзек" орта мектеп командасы Ақтау қаласына барып өнер көрсетіп, арнайы Алғыс хатқа ие болды.

### НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Салауатты өмір салтын насихаттай отырып, табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы денсаулықты сақтаудың басты қағидалары: оқушыларды зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға, әлем дерті нашакорлық ауруынан сақтануға, оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсініп, сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында N39 Қызылөзек орта мектебінде 23 тамыз күні сағат 10.30 да "Нашакорлыққа қарсы күрес" тақырыбында 8- 11 сынып оқушыларына ZOOM платформасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түсіндірме жұмыстарына 53 оқушы мен сынып жетекшілері қатысты

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ - 2022» Республикалық акциясы!

№39"Қызылөзек" орта мектебі бойынша дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы бастау алды. Тамыздың 1-нен бастап қыркүйек айының 30-на дейін жалғасатын шара «Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық!» ұранымен өтпек.

Аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде көмек көрсетуді мақсат тұтқан акцияға демеу көрсетемін деген барша азаматтар қатыса алады. Көмекке мұқтаж азаматтар білім беру ұйымдарына (мектепке) өтініш пен басқа да құжаттарын тапсырады. Жомарт жандардың барлығын өскелең ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай жасап, олардың болашағына үкілі үміт сыйлау мақсатында "Мектепке жол" республикалық акциясына қатысуға шақырамыз!

Әлеуметтік көмек көрсету туралы сұрақтар бойынша жауапты қызметкерге төмендегі байланыс телефондары бойынша хабарласуға болады.

### ШЕКАРАСЫЗ ЖАҚСЫЛЫҚ - МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

2022 жылы 27- тамыз күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Мектепке жол»

Республикалық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Ауылымыздың әрбір азаматы және мектебімізден түлеп ұшқан шәкірттер, мектеп ұстаздары халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде белсенділік танытып, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алды.

Акция барысында мектебімізден 50 оқушы қамтылды. 15 оқушы мектеп кәсіподағы тарапынан, 35 оқушы ауыл кәсіпкерлері мен мектебімізден түлеп ұшқан шәкірттердің, демеушілердің тарапынан мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

## Қыркүйек айы

Баршаңызды дәстүрлі Білім күнімен, жаңа оқу жылының басталу мерекесімен құттықтаймыз.

Адам өміріндегі сарқылмас қазына-ол білім. Адам баласы барлық арман, мақсаттарына тек білім арқылы ғана жете алады. Бүгін барлық білім беру мекемелері есіктерін айқара ашып, білім нәрімен сусындауға келген Отанымыздың жастарын, бүлдіршіндерін құшақ жая қарсы алуда. Бүгінгі оқушы- білім бәсекесіне төтеп бере алатын, санасы ашық, халқымыздың рухани-адамгершілік құндылықтарын бойына сіңірген, үштілді еркін меңгерген тұлға болуы керек.

Мектебімізде 1 қыркүйек- Білім күніне арналған мерекелік ертеңгілік өтті. Шараға Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Әбдіжаппар Сәкен Нысанұлы қатысып, барша ұстаздарды, шәкірттерді және ата -аналарды Білім күнімен құттықтады.

Мектеп директоры Байжанов Жасұлан Махмутұлы құттықтау сөзін айтып, мереке қарсаңында мектеп ұстаздарына арнайы Алғыс парағын табыстады.

Жаңа 2022-2023 оқу жылы 1 сыныптар үшін 35 апта, 166 оқу күні, жоғарғы сыныптар үшін 36 апта, 173 оқу күні және 5 күндік оқу күні болып бекітілді.

Тәуелсіз еліміздің болашақ иесі жас ұрпақтың бойында тұлғалық қасиеттерді ұштап, кәсіби шеберліктерінді одан әрі шыңдап, Елбасының Қазақстан халқына жолдауынан туындайтын білім сапасын арттырудағы игі бастамаларға педагогикалық ізденіс, жаңа сертін, шығармашылық табыс тілейміз, қымбатты ұстаздар! Ел ертеңі сендерсіңдер шәкірттер, қиялдарың ұшқыр болып, қанаттарың талмасын жаңа оқу жылы толағай табыстарға, жаңалықтарға толы болсын!

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде 9-11 сыныптарға арналған "Жалпы құқықтық білім беру сабағы" болып өтті. Қызылорда ҚПБ АБ анықтаушысы полиция капитаны Сайфулла Сұңғат өз лекциясын да сабақта қылмыстық жауаптылықтың жасы, есірткі қылмысының алдын алу, зорлық зомбылықтың құрбаны болып қалмауы және өз құқықтарын қорғау үшін қайда жүгінуге болатыны жайлы айтып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу аясында 2022 жылғы 7 қыркүйек күні сағ. 11.00-де №39 "Қызылөзек" орта мектебінде 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен мемлекеттік тілде жалпықазақстандық ашық диктант өтті

5 қыркүйек – Ахмет Байтұрсынұлының туған күні және Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі қарсаңында «Ахмет Байтұрсынұлы - дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында диктант жазу жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: этносаралық қатынас тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

"2022 - Балалар жылы" аясында Қазақстан халқы тілдері күніне және қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай ұйымдастырылған "Ұлт тілін ұлықтаған" атты көркемсөз шеберлерінің облыстық байқауында №39 "Қызылөзек" орта мектебінің 5 "б" сынып оқушысы Қуаныш Инабат II дәрежелі Дипломмен,

6 "А" сынып оқушысы Әбуғали Инжу Алғыс хатпен марапатталды

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі аясында қазақ әдебиетінің классигі, ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған "Рухани болмысты жаңғырту - ұрпақ ұлағаты" атты дәстүрлі облыстық дилмар шешендер байқауында №39 "Қызылөзек" орта мектебінің 7 "А" сынып оқушысы Аманқос Медет Қызылорда қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

**АХМЕТ-ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ.**

Қазақстан халқының ұлт жанашыры А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай 5-7 сыныптар аралығында тәлімгер Б. Ержанованың ұйымдастыруымен Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайыс екі кезеңнен

тұрды. 1. Көркем сөз сайысы. «Ахмет мысалдары» бағытында ақынның мысалдарын жатқа айту. 2. «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға» бағытында қатысушы Ахмет Байтұрсынов өлеңдерінің ішінен бір өлеңін жатқа немесе прозалық, драмалық шығармаларын мәнерлеп оқу. Мектепшілік Ахмет Байтұрсынов оқуларының жеңімпаздары дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

21 қыркүйек күні Білім және Ғылым министрлігінің білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдығына арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде білім беру ұйымдарында "Мектеп Парламенті" өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде "Мектеп Парламенті" президентін сайлауы өткізілді. Сайлауға 8-10-сынып оқушыларынан үміткер ретінде Кеңес Нұрай, Бақтияр Нұрислам, Қуаныш Ақниет, Исатайұлы Нұрислам, Әбдікәрім Дана, Мырзабек Ақбота ұсынылды. Сайлауда жоғары көрсеткішпен 70% дауыс жинаған 10 «А» сынып оқушысы Әбдікәрім Дана "Мектеп Парламенті" ӨӨБ ұйымы Президенті болып сайланды.

Мектеп тәлімгері Б. Ержанова мен "Жас ұлан" ұйымы мүшелері ұйымдастыруымен жол жүру ережесіне байланысты бастауыш сынып оқушыларына «Сақ болындар, балалар!» тақырыбында қауіпсіз жол акциясы өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

### Қазан айы

1 қазан қарттар күні қарсаңында жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге халқының салт дәстүрлерінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымы «Мектеп парламенті» мүшелері ауылымыздағы жалғыз басты Злиха әжемізді мерекесімен құттықтап, жүрек жарды лебіздерін білдіріп, барып қайтты. Әжеміз оқушыларымызға ризашылығын білдіріп, батасын берді.

### «ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ»

1 қазан Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай, №39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында ардагер ұстаздарға арналған мерекелік іс-шара болып өтті. Білім беру саласында аянбай еңбек етіп, шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берген, мектебімізде талай жыл қызмет жасаған ардагер ұстаздарымызды мектеп басшысы Жасұлан Махмұдұлы және мектеп кәсіподақ ұйымының төрайымы Лена Әкімханқызы айтулы мерекемен құттықтап, сый-сияпаттарын табыстады. Мектеп мұғалімдері шараға қатысқан барша ардагер ұстаздарымызға ізгі тілектері мен әсем әндерін арнады. Ардагер ұстаздарымыз мектеп басшылығына және шара ұйымдастырушыларына жылы лебіздерін айтып, батасын берді. Кеш соңында мектеп психологтары ардагер ұстаздарымыз бен немерелеріне жалпы отбасындағы қарым қатынас құндылықтарын орнату мақсатында «Аялы алақан» тренингін өткізіп, жақсы көңіл күй сыйлады.

Мектеп тәлімгері Б. Ержанова мен мектебіміздің жас ұстаздарының ұйымдастыруымен ұстаздар күніне арналған «Ұстаз-саған мың алғыс!» атты мерекелік салтанатты іс-шара өткізілді. Ұстаз ... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз.

Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” — деген Бауыржан Момышұлы.

Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымын, кәсіби мерекелерімен мектеп басшысы Байжанов Жасұлан Махмұдұлы құттықтап, марапаттау рәсіміне ұласты. Мектеп жастары мен оқушылар ұйымдастырған мерекелік іс-шарасы барысында барлық құрмет- Ұстаздарға арналды "Мектеп парламенті" ұйымының президенті мен фракцияларының ант қабылдау рәсімі өткізілді.



Білім алушылардың дауыс беру арқылы сайланған мектеп президенті мен мектеп фракциялар мүшелері өз міндеттерін мінсіз орындауға ант берді. Алдағы уақытта мектеп парламент жұмысына сәттілік тілейміз!!

**"АТАМЕКЕН" ЖАЛПЫРЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ ДИКТАНТ КОНКУРСЫ**  
5-7- сынып оқушыларының қатысуымен "Атамекен" тақырыбында жалпы республикалық патриоттық диктант конкурсы өтті. Диктант мәтіні оқушылардың сынып ерекшеліктеріне байланысты берілді. Мәтін мазмұны мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарын құрметтеу, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту, Отанын, туған елін сүйуге тәрбиелеуді мақсат етті.

#### **МЕНИҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

25 қазан - Республика күнін мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында 8-10 сынып оқушыларынан "Менің арманымдағы Қазақстан" тақырыбында патриоттық эссе алынды. Оқушылар өз арманындағы Қазақстан туралы, болашақты елестетіп, өз арман қиялдарын қағаз бетіне түсірді. Эссе жазу барысында көркем сөздермен бейнелеп, эссе жазу талаптарын сақталды.

Республика күніне орай әр сыныпта тәрбие сағаттары өткізілді.


"Қыран елім-Қазақстаным" акциясы аясында 21.10.2022 жылы "25-қазан - Республика күні" мерекесіне орай "Патриотизм дауысы" атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды.

25 қазан – Республика күніне арналған «Мақтанышым сенсің, туған ел» тақырыбында салтанатты шара өтті. Шараны мектеп директоры Байжанов Жасұлан Махмұдұлы құттықтап, марапаттауға ұласты.

Бұл халқымыз үшін ең маңызды мереке. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев биылғы жылдан бастап 25 қазан — Республика күнін қайта тойлау туралы шешім қабылдады. Бұл мереке халқымыздың сан ғасырлық тағдырлы жолының сыйындай сезіледі. Сондықтан Республика күнін оқушылар санасына сіңіріп, ұрпақ бойында отаншылдық рухты ояту біздің — ұстаздардың басты міндеті, — деді мектеп директоры. Мерекелік шара оқушылардың патриоттық ән-күйлерімен жалғасты.

#### **МЕНИҢ ЕЛІМНІҢ ТАРИХЫ**

25-қазан Республика күніне орай «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері мен мектеп тәлімгері Б. Ержанованың ұйымдастыруымен "Менің елімнің тарихы" атты тарихи өлкетану музейіне саяхат жасады.

 №39 «Қызылөзек» орта мектебінде тәрбие ісі жөніндегі орынбасар С. Қоқыбасов пен мектеп тәлімгері Б. Ержанованың ұйымдастыруымен 8-9 сынып оқушыларына "Нашақорлық болашағына жасалған қастандық" тақырыбында ашық сұхбат алаңы өтті. Оқушылар есірткі нашақорлық туралы өз ойларын және деректермен бөлісті.

#### **Қараша айы**

#### **ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙМЫЗ!**

Мектеп оқушыларына "Құқық тәртібі" жедел алдын алу шарасы аясында «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» тақырыбында полиция капитаны Кенжалиев Ержан Ерланұлы 5-7 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

№39 "Қызылөзек" орта мектебі мен Қараөзек ауылдық клубы МКҚК-ның ұйымдастыруымен "Бала құқығы- адам құқығы" және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бүгінгі қоғам талабы" атты 10-9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел болып өтті. Шарада мектебіміздің тарих және дінтану пәнінің мұғалімі Б.Қайырбеков бала құқықтары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді жолдары жайлы өз ойын ортаға салып оқушылармен пікір алысты. Бала құқығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекетіміздің іске асыратын бағдарламалары жайлы хабарламалар айтылып, сыбайлас жемқорлықтың қоғам мен мемлекетке тигізер зияны мен ел дамуын тежейтін тұстары қозғалды. Жиын соңы оқушылар өз сауалдарын қойып пікір алмасты

20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған "Бала құқығы - адам құқығы" тақырыбындағы іс- шаралар жоспары аясында "Әр баланың құқығы бар" атты сурет салу байқауы болып өтті.

1-11 сынып аралығында "Құқықбұзушылық пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ атты" тәрбие сағатын өткізді, Іс шарада балалар мен жасөспірімдердің құқықбұзушылық, қадағалаусыздық пен қаңғыбастық,суицидтің алдын алу профилактикалық шаралары бойынша жұмыстар жүргізіліп түсіндірілді

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2022 жылдың 15 қараша күні «Бала құқығы- адам құқығы» онкүндік аясында 9-10 сыныптар аралығында тарих және құқық пәні мұғалімі Б.Қайырбековтың ұйымдастыруымен «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» туралы құқық сабағы болып өтті.

оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.

9-10 сынып оқушылары «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу»туралы өз ойларын білдіріп, сұрақтарға жауап берді

20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы- адам құқығы» онкүндігі аясында 9 сынып оқушыларының қатысуымен "Құқығым бар" тақырыбында эссе байқауы өтті.Оқушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру.Оқушыларды адам құқықтарына оқыта отырып, түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту.Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.

Оқушылардың жан дүниесін білім нәрімен сусындатып қана қоймай, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңіріп, орнықты тәрбие беру – жаңаша білім берудің негізгі міндеттерінің бірі. Осы бағытта Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген «Мектеп театр» жобасы аясында №39 “Қызылөзек” орта мектебінің 8 - 9 сынып оқушылары арасында орыс жазушысы,педагог Константин Георгиевич Паустовскийдің 130 жылдығына орай «Спешите делать добрые дела» тақырыбында жазушы шығармашылығына арналған әдеби кеш өтті.

Кеш ұйымдастырушылары: орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Амантаева Мөлдір, Сапаржанова Жадыра.

Мақсаты: Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;Оқырмандық, көрермендік талғамды қалыптастыру, ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Шәкірттеріміз жазушы шығармаларын театрлық көрініс ретінде сахналап, көрермен ықыласына бөленді

" Буллинг және кибербуллинг жайлы сөйлесейік" тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында тренинг сағат өткізілді.

Тренинг ұйымдастырушысы: мектеп психологы А.Абилова

Шараның мақсаты – баланың күйзеліс жағдайы мен агрессия кезінде өзін-өзі ұстай білуіне көмектесу. Буллингтің түрлері және оның алдын алу.Буллингтің алдын алу міндеттері: мұғалімдерді қиын балалармен жұмыс істей білуге дайындау; әлеуметтік жанашырлықты жақсартуға жәрдемдесу; ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру; психиканы бұзатын және әлеуметтік қауіпті жағдайларды жою.

Шара барысында оқушылардың көңіл-күйін, шаршағандарын басу мақсатында, жағымды псих-лық ахуал қалыптастыру мақсатында "Қошемет" ойын жаттығуы, соңында яғни жақсы көңіл күймен аяқтау мақсатында "Картошка" ойын жаттығуы жүргізілді

**Желтоқсан айы**

Облыстық жастар денсаулық орталығының және №5 қалалық емхана мамандарының қатысуымен "Болашақ сізбен біздің қолымызда" атты семинар іс шара болып өтті. Мақсаты жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, зорлық-зомбылықсыз балалық шақ сонымен қатар арақ пен темекінің зияны туралы әңгімелер өрбіді. Оқушыларға мамандық таңдауда бағыт бағдар беру, білім мен тәрбиені бойларына сіңіру.

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің дүниеге келгеніне 125 жыл толуына орай

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде Мектеп "Театр жобасы" аясында "ЕҢЛІК-КЕБЕК" пьесасы бойынша сахналық қойылым көрсетілді. Ұйымдастырушылар: қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі. Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту, оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру.

"Зорлық-зомбылық қоғам қасіреті" тақырыбында кітап көрмесі болып өтті. Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Балаларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу. «ҚАТЫГЕЗДІК ПЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» ақпараттық науқаны аясында 6 желтоқсан күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қоқыбасов Сержан Бозымбайұлының қатысуымен 9 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты жүргізілді.

Мақсаты – кәмелеттік жасқа толмағандарға көрсетілетін зорлық-зомбылық мәселесіне қоғамның назарын аудару және қоғамда балаға зорлық-зомбылық қолайсыз болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әлауқаты болатын сенімдерді қалыптастыру. Тәрбие сағаты барысында «Тұрмыстық-зорлық зомбылық» тақырыбында ҚР-ның Конституциясы баптарына сәйкес адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық, азаматтың ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмеу, адам құқығының қорғалуы жайлы жан-жақты түсінік берілді. Зорлық-зомбылықтың түрлері, сипаттамалары және оларға қолданылатын жаза түрлері таныстырылды. Сабәқ соңында Б. Момышұлы атамыздың "Тәртіпке бас иген құл болмайды" қанатты сөзінен өз құқықтарын қорғау туралы тың мәліметтер алып, қорытынды ой түйді. «БІЗ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ!»

9-желтоқсан-Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне байланысты 5«А» сыныбында жетекшісі Б.Ержанованың ұйымдастыруымен «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. «Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ \_\_\_\_\_ МӘСЕЛЕСІ \_\_\_\_\_**

9 "А" сынып оқушылары арасында 9- желтоқсан– Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне арналған ашық тәрбие сағаты болып өтті.

Ашық тәрбие сағатының мақсаты:

“Сыбайлас - жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз ортасына жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты барысында: Оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы түсініктеме беріліп, өмірде өздерін жемқорлықтан аулақ болуға шақырды. Оқушылар да өз ойларын айтып, жемқорлыққа қарсы екендіктерін көрсетті. Ең бастысы әр адамның бойында адамгершілік қасиеттердің басым болуы қажет деген қорытынды жасалды.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Ұланымыз ұлы елдің" атты "Жас ұлан" патриоттық ұйымына қабылдау өтті.

Оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін

терең ұғындыру.«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына 90оқушы қабылданды. “Жас ұлан” ұйымына қабылданған оқушыларымызға туымыз түстес көгілдір галстук тағылды.

" Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті" тақырыбында кітап көрмесі болып өтті.

ҚР " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңы мен еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті

«Мектеп және театр» жобасы аясында «БАБАЛАР ЕРЛІГІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ» атты қойылым көрермен назарына ұсынылды.

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырларының жауынгерлік істерін жас ұрпаққа насихаттау. Қаншама қиындықпен қол жеткізген тәуелсіздігімізді құрметтей , қастерлей білуге тәрбиелеу, Қазақстанның келешегі үшін аянбай еңбек етуге шақыру.

Тәуелсіздік күніне арналған қойылымға 8-10 сынып оқушылары белсенді қатысып, Қазақстан тарихы, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын, осы қиын жылдары елінің азаттығын, еркіндікті аңсаған ұлт зиялыларының ауыр тағдырын сахналық қойылым ретінде көрсетті.

Білім ошағының директоры Жасұлан Махмұдұлы мектеп оқушылары мен ұстаздарды еліміздің тарихында маңызды саналатын Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, мектеп театры жобасы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда айрықша маңызға ие екендігін атап өтті.

№39"Қызылөзек" орта мектебінде Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында тарих және құқықтану пәндері апталығы аясында "Тәуелсіз Қазақстанның өткені мен бүгіні" тақырыбында мұражайға саяхат ұйымдастырылды.

Білім алушыларға « Өлкетану» музейіне саяхат жасау арқылы өткен тарихымызды танып білуге және оның ішіндегі тарихи жәдігерлермен құндылықтарымызды өз көздерімен көріп, танысуға мүмкіндік жасау.

Тарих пәні мұғалімі Алдоңғарова Қарлығаштың ұйымдастыруымен өткен іс-шарада мектеп оқушылары Қызылорда облыстық өлкетану мұражайына саяхат жасап, туған жердің тарихына тереңірек бойлап, ұлттық құндылықтарымыз бен тарихи жәдігерлерімізбен танысып, жақсы әсер алып келді.

Әр сыныпта « Тәуелсіздік- тұғырым!» атты тәрбие сағаты өткізілді.

## Қаңтар

Қысқы демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында дене шынықтыру пәні мұғалімі, шахмат үйірмесінің жетекшісі Досанов Руслан мен өзін-өзі басқару «Мектеп парламенті» Спорт министрі Мұсабек Ағаділдің ұйымдастыруымен мектепшілік шахмат жарысы болып өтті.

📌Мақсаты:

Оқушылардың шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру;

Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

Ойнау логикасы зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, жеңіске жетуге деген ерік-жігерді қалыптастыруға және басқа да моральдық қасиеттерді тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/100087591940767/posts/pfbid02F5QBHEaTomjwD5inbtD6TQ9DAFZvypd88hznHJo7WDSLsZTKrbAx6Am2MvtMzqpGI/?app=fbl>

№39 " Қызылөзек" орта мектебінде қысқы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында ұстаздар мен кіші қызметкерлер арасында ұйымдастырылған "кіші футбол" жарысында

"Математика,информатика,физика" бірлестігі I орын;

"Бастауыш және дене шынықтыру" пәндері бірлестігі II орын;

"Ақ-ерке" шағын орталығы тәрбиешілері  
ІІІ орын; иеленіп, арнайы ДИПЛОМДАРМЕН марапатталды.

Жарыста үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар:

Ермаханова Бағым "Үздік қақпашы" номинациясына ие болды.

Қуаныш Әсет "Үздік қорғаушы" номинациясына ие болды.

Ермағанбетова Перизат "Үздік шабуылшы" номинациясына ие болды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid026QDDwYnnsTKxL9xokNGrYtKmoDJ5gvAh1NPypgc5iFsmDRtctxd3id8wrGEL3T25GI/?app=fbl>

Бүгін, яғни 10 қаңтар 2023 жылы "Бала тәрбиесінде қатты талаптар қою мен баланың болашағы үшін шешім қабылдау керек" тақырыбында пікірсайыс (дебат) болып өтті.

Пікірсайыс мақсаты :

-Оқушылардың пікірін жеткізуге үйрете отырып, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

-Жастардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

-Сыни ойлауды дамыта отырып, көшбасшылық қасиеттерін жетілдіру;

Сайыс АПФ форматы бойынша өткізілді. Сайысқа 2 фракция қатысты. "Тұғыр"

фракциясының лидері Қуаныш Ақжанат, спикері Таңатарова Айымжан ;

"Аманат" фракциясының лидері Исабек Айзере , спикері Маратқызы Мерей сайысқа

жақсы белсенділік танытып, жақсы пікірлер айта білді.Сайыс нәтижесі бойынша өз дәлелдерімен білімділіктерін көрсетіп, жақсы...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02y78XVC3iwLNDJHjNwdZbGK9FMeVvc4TvWcyJSfdFuihrhUFXZcak653n3HaWSR77l/?app=fbl>

Жақсылық жасауға жарысайық

11 қаңтар №39«Қызылөзек» орта мектебінде «Мектеп парламенті» ұйымының қамқорлық фракциясының ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес "Жақсылық жасауға жарысайық" акциясы аясында қайырымдылық шара ұйымдастырды. "Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің" дегендей ұйымның мүшелері ауылымыздағы ардагер Ажар әжеміздің шаңырағына барып, қыз балалар үйін тазалап, ер балалар қыстық отынын дайындап, ауласын тазалап қол көмектерін беріп, әжеміздің өнегелі өсиетті әңгімелерін тыңдап, ақ батасын алды. Ұйымдастырылған іс оқушыларды еңбекқорлық пен ұйымшылдыққа үйретудің тиімді әдісі бола білді.

<https://www.facebook.com/100087591940767/posts/pfbid09qjqo3bCS8krf6voUkb4eyHSn24nzV6rrJYbP6e7tUoNZcZQdyfnj5F27yBQviDLI/?app=fbl>

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қоқыбасов Сержан Бозымбайұлының ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушылары арасында ауылдық полиция инспекторы аға лейтенант Бекхожа Жаппарбекпен кездесу болып өтті.

Кездесу барысында

Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттік;

Оқушылардың кешкі уақытта көшеде жүрмеуі;

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу тақырыптары көтерілді.

Шараның мақсаты:

Құқықбұзушылық профилактикасы

Кибербуллинг

Буллинг

Зорлық-...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02pytWggND27Nc3fUkYeMbjsmZFFtBxC5JC1DLBayik7cz6gxUxMr1yv2tBNeTDFhzl/?app=>

Жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушылары арасында облыстық Ұлттық пікірсайыс турнирінің аймақтық кезеңіне белсене қатысқаны үшін №39 "Қызылөзек" орта мектебінің "Эверест" командасы

БАЛМАҒАНБЕТ МЕРЕЙ, ИСАБЕК АЙЗЕРЕ

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды

Жетекшісі: Тусипбаева Фариза

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0w6pgGa9uetDiRYDvH32SpFHHAnuA5TBidtS8LP3zLSAUMqBJXfhLNgcMVXVzTARil/?app=fbl>

АҚЫЛДЫ БЕЙСЕНБІ

"Жас Ұланның жұлдызды жылы "жоспарына сәйкес" Ақылды бейсенбі" акциясы ұйымдастырылды.

Кешіміздің қонағы ардагер ұстаз Әкім Рая апайымыз келіп қатысты. Шара барысында апайымыз өз өмір жолдары, ұстаз болуының қыры мен сыры туралы, басынан кешкен қызық оқиғаларымен бөлісті. Қызықты

сұхбаттың куәсі болған оқушылар кеш соңында апаймен естелік суретке түсіп, ән күйлерімен жалғасты.

<https://www.facebook.com/100071020488414/posts/pfbid02X1G33ouqskNbKnn9HwNoF3vU7mFKjZWTB1bM22htthreXQGg7TRiKuvQpYfacxZ7l/?app=fbl>

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқушыларға кітапханаға келіп түскен Ник Вуйчичтің "Өмірде шектеу жоқ" кітабы таныстырылды. Осы кітаптың авторы, әрі кейіпкері Ник Вуйчичтің маңдайына ғажап тағдыр, өмірге қол-аяқсыз келген бейкүнә сәбидің тағдырына алаңдаған ата-анасының көңіл күйі және өз өмірі үшін күресе білген ғаламат қажыр-қайрат иесінің саулелі бақытқа ұмтылған шынайы бейнеленгені туралы жазылған. Кітап Никтің бастан кешкендері мен жеке тәжірибесі еш бүкпесіз баяндалған. Кітап көпшілік оқырманға арналған. Кітап оқыңыздар, Рухани бай болыңыздар

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid034oVSUG7yFjARqahGeDCw22YUbjec5s5XrM3GWCvRjskS3KEiaw7fCVz2uZAYoBjl/?app=fbl>

«ЖАС ҰЛАН» ұйымының жоспарына сәйкес, дене шынықтыру пәні мұғалімі Н.

Махмұдұлы мен тәлімгер Б. Ержанованың ұйымдастыруымен 5-сынып оқушылары арасында «Денсаулық-зор байлық» атты эстафеталық жарыс болып өтті.

Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтын насихаттауға және спортпен шұғылданып тұруға шақыру, сымбаттылыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Жарыс нәтижесінде орын «Қыран» орында «Достық» «Тұлпар» командалары жеңіске жетті.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid036w7jogUrAiid4cmeTYpmdwphEbZfMk7Z5o8bqK6prvGkPgP4XnhJ4hWJFDXQQnf1l/?a>

Тәлімгер Б.Ержанованың ұйымдастыруымен, оқушылардың бойына экологиялық тәрбиені насихаттау мақсатында «Қалдыққа екінші өмір сыйла» акциясы болып өтті.

Оқушыларымыз акцияға белсене қатысып, күнделікті тұрмыстағы пайдаланылған қажетсіз заттардан ,қажетті дүние жасады.

<https://www.facebook.com/100044570716415/videos/751958345858651/?app=fbl>

Орыс тілі бірлестігі ұйымдастырған оқушылар арасында қызықты қойылымдар жарысы өтті.

Негізгі мақсаты:

— Жасөспірімдерді театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту;

— Сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу;

— Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;

— Театрлық іс — әрекетті ертегілерді пайдалана отырып, ойын дамыту.

Спектль барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементтерді, кейіннен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау

арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған ...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0RYzHv76gkWS22pbLkaddELBtw3id3ZuJt7bBsvmv9qMzd71Jtbi63uNk1Z37A3tdl/?app=fbl>

"Жас Ұланның жұлдызды жылы" жылдық жоспарына сәйкес "Жақсылық жасап жарыс" атты акциясы өткізілді. Акцияға оқушылар белсене қатысып өздерінің ата-әжелеріне, інілеріне, сіңілдеріне газет журналдар оқып берді.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0ftBnScPNZz2TQG7EatgMiRq2Ra3dvXAixA4qUJFMQcJ9eQhs3PndRk1Ybq1A484Jl/?app=fbl>

Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 5 қаңтардағы "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" мақаласы аясында және Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары" тақырыбындағы онкүндік іс-шаралар жоспары бойынша №39 "Қызылөзек" орта мектебінде 8-10 сынып оқушылары арасында "Алашорда және Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында эссе байқауы өтті.

Мақсаты: Қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған алаш ардақтыларының ерлігін паш ете отырып, білім алушыларға бүгінгі тәуелсіз Қазақстан туралы білім алушыларға ұғым беру.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0282ExY3ckCKrdcWoNnus4hAiEZZWnYYiq1LkXh7a3gkvdXZpmk6Acjy92AV9N1qXvl/?app=fbl>

«Алаш зиялыларының мұрасы Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары» тақырыбындағы онкүндік жоспарына сәйкес 2 «А» сыныбында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Тәуелсіз елімізді өркендетуге, Тәуелсіздігіміздің шексіз, мәңгі болуына адал қызмет ететін білімді де жан-жақты дамыған, намысты ұрпақ, шынайы патриотты оқушыларды тәрбиелеу. Өз Отанын сүйуге, туған елінің тарихын біле отырып, зиялы тұлғаларымен таныстырылды.

Тәрбие сағатында: "Қолшатыр", "Ассоциация", "Сұрақ-жауап" әдістері қолданылды. Топпен, жұппен, жеке жұмыс жасалды. Құнды пікірлерін жазып, тәрбие сағаты қорытыланды.

Сынып жетекшісі: Джакипова Жадыра

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02GsrdsC8pKbREBCUgYmGR3WWCjPV11CaPidTmP2WkRuwHBNscnPKHeEHd2LaMBgCal/?app=fbl>

Бүгін 39 Қызылөзек орта мектебінде "Білімді ұрпақ-келешек кепілі" атты аймақтық пікірсайыс(дебат)турнирі өтті. Мақсаты: дебаттық турнирлер мен ойындар арқылы білім алушыларға интеллектуалдық және тұлғалық дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар жаңарған қоғамның жаңа азаматтарын тәрбиелеу. Турнир американдық парламенттік формат бойынша жүргізілді. Турнирге 178,175,128,39 мектептерден 8 фракция қатысып, ашық алаңда өз ойларын еркін жеткізе білді. Пікірсайыс қорытындысы бойынша жүлделі

I орынды 175 мектептің "Алаш" фракциясы жеңіп алды. Лидері-Айтжанов


Нұрлыхан, спикері-

Әділхан Айсәуле.

II орынды 39 мектептің "Эверест" фракциясы жеңіп алды.

Лидері-Исабек Айзере, спикері-Кеңес Нұрай. Екі бірдей III орынға 178 мектептен "За...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0DTK9PxyhydiuLanjirNMYrYTdETwhd9nEhJzW3D46pgZNMbXj8UadBsuNiUqGMtyl/?app=fbl>

"Бес асық" спорт түрінен Ұлттық мектеп лигасының аймақтық кезеңінде А тобы бойынша 5-сынып оқушылары арасында өткізілген жарысында №39 "Қызылөзек" орта мектеп командасы II орын  иеленіп, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің ДИПЛОМЫМЕН марапатталды.

Жетекшісі: Абишева Дамеш

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0AXi9uDpiDb9bbbtCcWgezi8KhTAQsnoY8EbBcfSjUJ2a4oiW6axpy4CLpBatmxDXl/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде "Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары" тақырыбындағы онкүндік іс-шаралар жоспары аясында "Тәуелсіздік және Алаш мұрасы" тақырыбында сурет байқауы болып өтті. Сурет байқауының мақсаты "Алаш тұлғаларын еске алып, олардың мұрасын жастарымыздың бойына сіңіре білу, олардың еңбектерін жалғастыру, оқушылардың бойына өз елінің патриоты болуға үндеу.

[pfbid02VsxC8caci8yxq2Vc9mqLvS5mcaT2qbBi85J4aQDtABQ6KeNVJtnyb3tDyp4r8xpjl/?app=fbl](https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02VsxC8caci8yxq2Vc9mqLvS5mcaT2qbBi85J4aQDtABQ6KeNVJtnyb3tDyp4r8xpjl/?app=fbl) <https://www.facebook.com/100044570716415/posts/>

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары» тақырыбындағы он күндік жоспарына сәйкес 10-А сыныбында «xx - ғасырдың 30 жылдарындағы жаппай қуғын сүргін» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты :оқушылардың шығармашылықпен іздену арқылы олардың философиялық ойлау қабілетін жетілдіру, өз ойларын жеткізудегі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Оқушылардың отаншылдық сезімін арттыра отырып, қиындыққа төзе біліп, болашаққа деген сенімдерін жоғалтпауға тәрбиелеу.

Тәрбие сағатында КарЛАГ картасы, қазақ зиялыларының суреттері, слайд шоу, сұрақ-жауап әдістері қолданылды. Жұппен және жеке жұмыс жасалды. Оқушылар бүгінгі сабақтан алынған әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс жасалды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid04mrYffbgC9r2xdH3XzCFzfpQSQWd6hKq8UNshX53ZRYzBQwiGX1kHqyrJL22XNbcI/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде "Мектеп парламенті" мүшелерінің ұйымдастыруымен 8-10 сынып қыздарына "Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы" тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қыздармен әңгімелесе отырып, ар-намысын, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы, болуға тәрбиелеу, Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

Бабаларым қыздарды қадірлеген,  
Қыз баладан басталар өмір терең  
Ауыл көркі қыз болып, ән айтылып  
Күн болмаған сазды күй төгілмеген.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02fY6EY6cgKSGZEeZxHneY1khwML7dGr3afnbQzAoHbBMBwjgwBtL5vNFYQ8QvmbCUI/?app=fbl>

#### Ақпан

2023 жылдың 1 ақпан күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде 1–8 – ақпан аралығына жоспарланған «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығының ашылуы болып өтті. Мақсаты: қазақ тілі мен әдебиетінің мол мұрасымен кеңінен таныстыру, тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосу. Қазақ халқының әдебиетін негізге ала отырып, көркем әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің игі істерін насихаттау арқылы елжандылыққа, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Тілін, елін сүйе білуге үйрету.

Шара барысында мектеп оқушылары қазақ әдебиетінің асылдарын бейнелеп, сахналық көріністер қойып, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Дулат Бабатайұлы сынды әдебиет маржандарының...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02bz1dBfRxVA54btyXAivGphSH8hwADif6CqSNLaBzde9SHYLv9qnEw8DSMJz898k3I/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде зиянды әрекеттердің алдын алу мақсатында "Нашақорлыққа жол жоқ" тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына бейне дәріс өткізілді.



Мақсаты жасөспірім балаларды зиянды әрекеттерден қашық ұстауға, есірткіні қолданса зардабының адам ағзасына зор қауіпті екенін және қылмысқа итермелейтін бірден бір зиянкес әрекет екені түсіндіріліп айтылды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02Gj1Zrn1582TCeJPcFN2Mn8NwtJu7JcqcicCnuGV2nHqNGNx794z8QPGsibaNQe1DI/?app=fbl>

"МЕКТЕП- ТЕАТР" ЖОБАСЫ АЯСЫНДА КЕЗЕКТІ ҚОЙЫЛЫМ

2023 жылдың 6- ақпан күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде 1 –8 – ақпан аралығына жоспарланған «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығы және "Мектеп- Театр" жобасы аясында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы бойынша сахналық қойылым көрсетілді.

Мақсаты:

Поэманың негізгі кейіпкері ана бейнесі арқылы көл еркесі аққуға жасалған қиянаттың қайғылы оқиғаға ұғындыру себебін таныту, қоршаған орта заңдылықтарына қарсы келмеу қажеттігін нақты дәлелдермен түсіндіру;

Қазақ жырларының Хан тәңірі, артына айрықша өшпейтін із қалдырған ақиық ақын, ғасырлар тоғысында ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы жалпы сөз өнеріне деген сүйіспеншілікті берік қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0RytVCKBJREwKjcEVPmH8DhZCGJ7F1UfkB4s3ExZcEcnR94AvBQrXBo4Q9nbR9eK3I/?app=fbl>

7-8 сынып оқушылары арасында "Ұлттық мектеп лигасы" аймақтық оқушылар жарысында №39 "Қызылөзек" орта мектебі командасы жүлделі 3 орын жеңіп алды.

Жетекшісі: Абишева Дәмеш

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid037wetRYf9cVkmJE48tw5VKMzmw3kWhsKN6qxMiXTQPn4dj5CcYL4p7jeM5gaja6d4I/?app=fbl>

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

ОҚЫРМАНДАР КОНФЕРЕНЦИЯ

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 1 –8 – ақпан аралығына жоспарланған «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығының жоспарына сәйкес «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында белгілі драматург, жазушы, қоғам қайраткері -Төлен Әбдіковтың «Қыз Бәтін пен Ерсейіт» шығармасы бойынша оқырмандар конференциясы өтті.

Мақсаты: қазақ әдебиетін дәріптеу, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуына ықпал ету.

Т. Әбдіков өз шығармаларында өмірді оның қайшылықтарымен, адами қатынастардың күрделілігімен жеткізуге тырысады. Оның шығармалары оқырмандардың назарын оқиғаларды жеткізудің шынайылығымен ғана емес, сонымен бірге баяндаудың ...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02TsyK2ch4dBc6vowGHeVPCPwfEVHyFZoqxfv2VMZXSGRbPQFj96wMcsyja7g4XSm2I/?app=fbl>

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТҮБІ-ИГІЛІК

9- ақпан күні №39 "Қызылөзек" орта мектебінде

9"А" сынып жетекшісі А.Қуанышованың ұйымдастыруымен құндылыққа негізделген білім беру аясында "Ынтымақтастық түбі-игілік" тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға еліміздің көп ұлттылығын, достығын, бірлігін, мәдениетін насихаттай отыра, достық пен бауырмалдыққа, бейбітшілікке тәрбиелеу, білімді болуға, Отанын сүйетін, елін, жерін қорғай білетін патриот болуға баулу.

Оқушыларға ынтымақтастық ұғымы туралы түсінік беру; Оқушылардың өзара жағымды қарым-қатынастарын, сүйіспеншіліктерін дамытуға ықпал жасау.

Тәрбие сағатында оқушылар ұлтаралық татулық, бейбіт қоғам жайлы пікіралмасу жүргізіп, баяндама оқыды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02drTUJutAMjDQxHijFbfSbmaXzTaDMrmN4wmjvHmDzP9xBzRp2LsBgzNQAvSBP81I/?app=fbl>

«Ынтымақтастық түбі- игілік»

Бүгін №39"Қызылөзек" орта мектебінің 10-А сыныбына "Ынтымақ түбі – игілік" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты:


- 1)Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту;
- 2)оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, өзімшілдік, менмендік, тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету; 3)Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту;

Мемлекетіміздің өркендеп, ілгері басып келуінің бір себебі – елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының нық болуын жалғастыру, татулықты дәріптеу, ұлттар достығын сақтау мен нығайтудың маңызы зор екеніне көз жеткізу.

Көрнекілігі: Ұлы адамдардың ойлары, ұлағатты сөздері, дос туралы мақал-мәтелдер, газет-журн...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02kFLNKAXo6mnTfTZXFHjqB4LUh4M2RViaZiER6nxUWJxZKKknQNFoVs399yNWkFokl/?app=fbl>

Футзалдан "Теңбіл доп"

Ұлттық мектеп лигасының аймақтық кезеңінде А тобы бойынша 9-11 сынып оқушылары ұлдар арасында өткізілген жарысында 39 мектеп командасы III орын  иеленді.

Жетекшісі Махмұдұлы Нұрбол

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0dgoXUvFgDdVFxwMt4dGzZpTUuAy8kcJq48u52bWtw2pu8SExyS2sSK8yoaXcEhmTI/?app=fbl>

10- ақпан күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде – «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығының жоспарына сәйкес ақиық ақын, қазақ поэзиясының ХАН ТӘҢІРІ Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ақын шығармашылығына арналған «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби-сазды кеш болып өтті.

Мақсаты: XX ғасырдың таңғажайып ақыны Мұқағали Мақатаевтың жырларын оқушылар арасында кеңінен насихаттау,

-ақынның өмірін, өлеңдерінің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып өзгешелігіне көңіл бөлу, өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру, отаншылдыққа, сүйіспеншілікке, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу, ақынның парасатты поэзиясы арқылы адамгершілікке тәрбиелеу .

Шараға 5-11 сынып оқушылары қатысты. Кеш барысында Мұ...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02gRrdzAMrNFU6VnSBLsMethp9xBgvGwCFFgFSkaDVCmZsqqi7MZJrxkZV1TzvTe9FI/?app=fbl>

№39 " Қызылөзек" орта мектебінде А.Ә.ж Т.Д. пәні мұғалімі С.Айтбаев, мектеп тәлімгері Б.Ержанованың ұйымдастыруымен "Ұрпаққа үлгі болған ерлік" атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті. Мақсаты Ауған соғысындағы ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, жастарды Отан сүйгіштікке, ерлікке баулу, ардагерлерге құрмет көрсету. Кеш қонақтар Сыздықов Қ, Жорықбаев Б, Рахатов А өз сөздерінде ерлікке толы ашық әңгіме айтып оқушыларды патриоттық рухқа толы мағлұматтармен таныстырды. Өз кезегінде оқушыларда қайсар ағалардың ерлігін үлгі тұтты. Іс - шарада оқушылар ән жырмен сусындатып сыйлықтарын табыс етті.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid023MjBL38zdB6gV83K5vYG9dhM8xvUUx4hoos5d5ggzh3ES6vJtbNCpqwqz86Wqu6ml/?app=fbl>

"КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС»

№39«Қызылөзек» орта мектебінде мектеп тәлімгері Б.Ержанованың ұйымдастыруымен "Алаш ұлағаты-Ұландар үнінде" акциясы аясында оқушылары арасында " Көңілді үзіліс" өткізілді.

Мақсаты:Оқушылардың үзіліс уақытын тиімді пайдалану

<https://www.facebook.com/100044570716415/videos/1481409472383273/?app=fbl>

№39 " Қызылөзек" орта мектебінде ҚР ішкі істер министрлігімен ұсынылған " Құқық бұзушылықтың алдын алуды күшейту мақсатында есірткінің заңсыз айналымына қатысты" бейне дәрісті 8-11 сынып оқушыларына сынып сағаттарында көрсетіп,әлеуметтік желілерде ақпараттандырды

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0uzPWQzrsuzjqT7gZ49d5scR85CL8auVvZBTsa4muudpaadE8PF1fc3imyviuc6Ggl/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде "Адалдық дүкені-тәрбие мекені атты адалдық дүкені күні ұйымдастырылды.Мақсаты қоғамда сенімділік қалыптастыру және оқушылардың өздерін жақсы,адал адам ретінде тануға мүмкіндік беру.Оқушыларды адалдық,адамгершілік,жауапкершілікке,шыншылдыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0YwCdtmQztNQeFsDmbCYGsvQN51nxTdu38ADS3MevwdxRBSfCGwF8bsgKJ7D5F2Kul/?app=fbl>

№39 " Қызылөзек " орта мектебінде "Ата - аналардың тәрбиесі және жағымсыз әдеттері "тақырыбында ата -аналар жиналысы болып өтті."Бала құқықтары туралы" ҚР заңдарына сәйкес талаптардың сақталуы туралы құқықтық түсіндірмелер жүргізілді.Интернет желісі арқылы есірткінің таралуына байланысты Ішкі істер министрлігінің ескерту видеосын көріп жасөспірімдердің есірткінің немесе синтетикалық аналогтарының қабылдау әдістерінен кеңес алды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid026f4g17S98TDWJa7ngACrm6NMweq7qPQ4GbE5fTenojNEanJWBRucczSnMyEdEsZtl/?app=fbl>

### Наурыз

#### «ЕКІ ЖҰЛДЫЗ» ӨНЕР БАЙҚАУЫ

Қазақ халқы қашанда өнер мен өнерпазға кенде болмаған ғой. Ал, ән әлеміндегі жұлдыздарымыздың орны бөлек. Аспан әлеміндегі сан жұлдыздың жарқырай көрінуі - бағының жанып, бабының келіскені деп ұғамыз. Осы орайда, №39 «Қызылөзек» орта мектебінде өнерлі ұстаздар мен шәкірттер арасында «Екі жұлдыз» өнер байқауы ұйымдастырылды.

«Екі жұлдыз» өнер байқауының басты мақсаты - оқушылар мен ұстаздар бойындағы өнер әлеміне деген құрмет пен сүйспеншілік сезімді арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.

Байқауға қатысушылар кез келген жанрдағы эстрада әндерін орындау бойынша сынға түсіп, өнерлерін ортаға салды.

Сайысқа қатысушы жұптарға әділ бағасын беретін әділ қазылар қатарында

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02Bw54czCeRM2Y2PDKHZcReD6CYvwh4QfeesFSFmGJhmG2JWvxRXiDzZgH67KHu6vpl/?app=fbl>

№39" Қызылөзек" орта мектебінде "Алғыс күні" мерекесіне арналған "Туған жерге мың тағзым" тақырыбында көркем еңбек пәні бірлестік жетекшісі Тұякбаева Ляззат апайдың ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпаққа бейнелеу өнеріне баули отырып, елін, жерін, отанын қадірлеп, қастерлеу арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет етуге насихаттау.

Байқауға қатысушылардың туындылары ішінде үздік деп танылғаны Алғыспен

марапатталды.<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02wEo1k9MHzb1dwnghZEcYkwMtNqAkyiBuBpR6BbJ4T5yiTHtSnzaQWJhwZZycLmrrml/?app=fbl>

1-Наурыз Алғыс айту күніне орай мектебімізде 7 " Б" сынып оқушылары арасында "Алғыс айту парызым" тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Сынып жетекшісі: Алдоңғарова Қарлығаш

Мақсаты:

Алғыс айту туралы түсінік беру; үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту; әдептілік, кішіпейілділік, ізгілікке тәрбиелеу. Оқушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02n2RqgVS3UmYxA1vSYkMFT8Sg5v1CTG5yZjKrbeFefLkdwsdv9g3YD9XaLq72n8owl/?app=fbl>

“Әбіш оқулары” байқауының қалалық кезеңінде Әбіш Кекілбаевтың шығармаларынан сахналық қойылым бағыты бойынша №39 "Қызылөзек" орта мектебі жүлделі I орынды иеленіп, облысқа жолдама жеңіп алды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02dZK1D6PYbwnPCJahJenLzE4HjRSm8tNpPhsn13VLiv5BFyz61hiR93urXMPkuD7Xl/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде қалалық прокуратура бөлімінің прокуроры А.Сматовтың қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу профилактикалық шараларын ұйымдастыру,кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық және қылмыс, нашакорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид,зорлық зомбылық,ерте жүктіліктің алдын алу бағытында 8-11 сынып аралығындағы оқушылармен ақпараттық - танымдық біліммен қамтамасыз етуге байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0tvU2N5vfXnM4LSh3huedVGgyAb7vyC1pJg9V7wSdgmyczAH3uf8cU29yFKF48riJl/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде Наурыз мейрамын мерекелеу тұжырымдамасы негізінде домбырашылыр челленджи ұйымдастырылды.Мақсаты домбыра арқылы қазақ халқының болмысын дәріптеу және мәдени мұрасын сақтауды насихаттау.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid096bqazUDjGYoMG15gcG8LRP5wQBfmui3aHcofCSPfu8uonhfNDF FavucNFbDx8AJl/?app=fbl>

№39«Қызылөзек» орта мектебінде "Армысың,Әз Наурыз!"атты мерекелік іс шара өткізілді.

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Мерекеге арналған іс-шараға барлық сыныптар қатысып,ән айтып, би биледі.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02ey7LN8KqnvXDQtxDFy2mxq3GUWDD2AGShh3zuKnUVvUJaXYykD2DV8vyDDMqg7BDl/?app=fbl>

Жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егеді,

Мың жылдығын ойлаған халық саналы ұрпақ тәрбиелейді

Наурыз мерекесі аясында және сауаптар еселеніп жа-зы-латын шарапаты мен ша-па-ғаты мол Рамазан айы қарсаңында мектебімізде ауыз бекіткен ардагер ұстаздарға, ауыл ақсақалдарына,мектеп ұжымына ауызашар берілді. Ауызашарда ата-ба-ба-лар рухына Құран бағышталып, дұға жасалды. Мұнан соң ардагер ұстаздар сөз сөйлеп, мектеп директоры Байжанов Жасұлан Махмұдұлы бастаған ұжымға ақжарма тілек-терін білдірді.

Келген қонақтармыз мектеп ауласына ағаш отырғызып, өздерінің ақ батасын берді.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0tizwAogL41ggGaAa7RHi2TwJ6W5b3Atbpt9Rcx6c2Y49Zc3Jj1Yzo8Pcj3WLRfxol/?app=fbl>

№39«Қызылөзек» орта мектебінің жасұландары «Алаш ұлағаты - Ұландар үнінде» Жас Ұлан ұйымының жылдық акциясы аясында «Отбасым-бақыт мекені» жанұялық акциясын өткізді.

Отбасылық тәрбие арқылы отбасылық дәстүрлерді сақтауға және отбасының әлеуметтік –мәдени құндылықтарын қалыптастыруға бағытталаған шараларды насихаттау мақсатында Алаш зиялары туралы деректі филімдерді бауырларымен бірге көрді.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0Ys3xnJNfSzMEt1byZdDA6L9FanoZuk4bjA7HMGiUHD5QGDyL88xYTUyhe13AweNml/?app=fbl>

**Сәуір**

"ШАХМАТ ЧЕЛЛЕНДЖИ" ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастырумен, №39 " Қызылөзек" орта мектебінде 2023 жылдың 12 сәуір күні зейінді, интеллект пен логикалық ойлауды дамытатын балалар мен ересектерге арналған танымал спорт түрі- шахмат челленджі ұйымдастырылды. Челленжге шахмат үйірмесіне қатысатын 5-11- сынып оқушылары және мұғалімдер қатысты.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02NmuJowxwyQNsjMR7gvkNnvgPKPaVrYgj6Zt5hPYaTyLUtpKoH5zudtUm3M7U61jFl/?app=fbl>

**ТҮНГІ РЕЙД ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА**

Жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін сақтау, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі мезгілде беймезгіл жүруін қадағалау мақсатында №39 " Қызылөзек" орта мектебінің директоры Жасұлан Махмұдұлы мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сержан Бозымбайұлы және мектеп мұғалімдері, Қызылөзек ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы мен ауыл еріктілері бірлесіп ауыл аумағындағы орталық көшелерді, ауылымызда орналасқан сауда дүкендерін, мешітті, аралап

түнгі рейдтік жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде ата-ананың қарауынсыз жүрген жасөспірімдерге және олардың ата-аналары на түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескерту жасалды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0QnsHGEBjgr3C2SRgFZ8QvzwdxN6oSEBSaFTqV5xb5YFcd8zkFLykK1p3uvYzj6ZVI/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ауылдық учаскелік инспектор Жасағанбергенов.ІІ,сонымен қатар жаз маусымының келуіне байланысты суда шомылудың ережелері мен қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру мақсатында және өрт қауіпсіздігін болдырмау барысында Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы Тұрсынбаев. О мен Азаматтық қорғаныс тобының офицері лейтенант Бижұман .Б ата-аналар және оқушылармен кеңейтілген жиналысын өткізді.

Жиналыстың мақсаты: келеңсіз оқиғалардың алдын алу, жасөспірімдердің түнгі уақытта беймезгіл жүруіне тиым салу, суға түсудің ережелері мен суға кеткен адамға алғашқы көмекті ұйымдастыру, өрт болған жағдайда не істеу керектігін баяндап берді. Жиналыс соңында ауылымыздың ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Айдаралиев қорытындылап ізгі тілегімен батасын берді.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0fuVo33Sfi8J2AHvAJ8wwnMRD NAD46aJnzoWgw63R8xLkuG33C7GRnecopdLAEywkI/?app=fbl>

Мектебімізде 18 сәуір- Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне орай 5-7 сынып оқушыларымен "Тарихи терең -Қызылордам" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының мақсаты:Қызылорда облысы бойынша ескерткіштер мен тарихи орындарды таныстыру, патриоттық сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу. Тәрбие сағатында Қызылорда өңірінен шыққан атақты тұлғалар, батырлар , билер , аңыз адамдар туралы мағлұматтар беріліп, ескерткіштерге шолу жасалды. Ескерткіштер қашан , қайда ашылғаны жайында мағлұматтар берілді. Тарихи орындар туралы аңыздар оқылып, оқушылардың пікірлері тыңдалды. Сұрақ-жауап қойылып, ескерткіштер туралы қызықты деректер айтылды. Тәрбие сағатының соңында Тәрбие орынбасары С.Қоқыбасов сөз алып, оқушыларды отаншыл болуға, еск. ...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0wyH58CqnZVf1Gdzbh3c4XChZ HhtBfLh4peYyK9Ht1TQiWsVtiBXs9DUTMvH4MyDXI/?app=fbl> **МЕКТЕП- ТЕАТР ЖОБАСЫ КЕЗЕКТІ ҚОЙЫЛЫМЫМЕН**

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің құралы. Сондықтан өскелең ұрпақтың арасында өнердің осы бір түрін дамыту өте маңызды. Осы тұста №39 «Қызылөзек» орта мектебінде Бастауыш сыныптар бірлестігінің ұйымдастыруымен "Мектеп - театр" жобасы аясында "Жалқау бала" тақырыбында ертегі қойылымы өтті.

Мақсаты : оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау. Қазақ халқының ертегілері арқылы ертегіге деген қызығушылықтарын, ой - қиялдарын дамыту. Ертегілер арқылы мейірімділікке, жақсылыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02kJW5rHVMs3PkrhiDfWqDr6zoKBNuMVrxwymvTAfgTo3N8NV4cgDy8Hjj8tUsPYJQl/?app=fbl>

№39 " Қызылөзек" орта мектеп кітапханашысы Г.Сыздықованың ұйымдастыруымен 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай "Ел бірлігі -ең асыл қазына" атты көрмесі болып өтті.Мақсаты еліміздің өсіп өркендеуіне өз үлестерін қосып келе жатқан ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу Қазақстан халқы ассамблеясының еліміздің саяси тұрақтылығын қамтамасыз етудегі алатын орнын атап көрсету.Отанды сүйеге,достық,ұлтжандылық,ұлтаралық қарым қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0LaTNYf67zpmMNggJYE2XHiGaa6uJBPzCUPXSq2rsLwCmzreKvhUk6zg9Z9tCVr2Ql/?app=fbl>

### Мамыр

#### БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН

№39«Қызылөзек» орта мектебінде 1мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай Мектеп парламенті мен Жас ұлан ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Бірлігіміз жарасқан!» әр ұлттар фестивалі өткізілді.

Мақсаты: Бірлік мерекесінің – қазақстандықтар үшін татулық пен ынтымақ мейрамы екенін түсіндіру. Қазақстанда тұратын көп ұлттың достығы мен тұтастығын, салт - дәстүрін сыйлауға тәрбиелеу. Мерекелік көңіл - күй сыйлау. Қазақстанда тұратын көп ұлттың достығы мен тұтастығын, адал ниеті мен мақсат - мүдде ортақтығының символына айналған ынтымақтастық мерекені ұмытпауға баулу. «Құрмет», «Сүйіспеншілік», «Достық», «Ынтымақ» құндылықтарының маңызын түсіндіру.

Мерекелік шараға оқушылар белсене қатысты.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02JhgVEp7XkWoFvyxWBHrAQibjY9PHNcfXo7fwhNh7PDFxVNY2NmQBTsPrXHEXgezyl/?app=fbl>

#### «ЕРКІН ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ» АТТЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ПАТРИОТТЫҚ ДИКТАНТ

Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесі және Жеңіс күні қарсаңында қазақстандықтардың қатысуымен «Еркін ел ұрпағы» атты жалпыұлттық патриоттық диктант жазу іс-шарасы өткізіледі.

Диктант жазу іс-шарасын Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму, Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастыруымен өткен шараға №39 "Қызылөзек" орта мектебінің қызметкерлері және жоғары сынып оқушылары қатысты.

Іс-шараның мақсаты:

Мемлекет басшысының электоралдық кезеңде берген жекелеген тапсырмаларына орай, еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу.

Диктант жазу іс-шарасы 2023 жылғы 4 мамыр ...

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02B542jQAY4n9Gp27wnk8NXagbQNHcJ7b9q9von6YbRLfe3ZqzCkV8BeMetVp8qQqpl/?app=fbl>

№39" Қызылөзек" орта мектебінде

Тоғыз айға 9 іс-шара» аясындағы білім беру ұйымдары арасындағы «Жасыл мекен» челленджі өтті.

«Жасыл мекен» челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбекқорлыққа баулу, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады.

«Жасыл мекен» челленджи білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған.

Мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу.

Міндеттері:

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02zFXjfeZoDvreJVMDf2Bkv9CYBQWvTD7Y94FXEupfA93iouTrXdATgrGX6NGKxsg8l/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде отбасы күніне арналған "Бақытты отбасы- зорлық зомбылықсыз әлем" тақырыбындағы іс - шара жоспарына сәйкес "Отбасым - менің тірегім" атты отбасылық эстафеталық жарыс болып өтті. Жарыстың мақсаты отбасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, жүгіру және әр түрлі ойындар арқылы икемділікке, төзімділікке, жылдамдыққа денені шынықтыру. Эстафеталық жарыс арқылы отбасындағы бауырмалдылықты, мейірімділікті, ауызбіршілікті нығайту.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02ajPR48AvxYNhVxjMh7KeAvKvRREEPMLC5bab9fzutSYrg6EXjXnaihezdfJNSoQCI/?app=fbl>

№39 «Қызылөзек» орта мектебінің отбасы күніне арналған «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес «Әжемнің ертегісі есімде» атты отбасындағы әжемнің айтқан ертегісі есімде челленджін 5 сынып оқушысы Икмат Інжу жалғастырды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02ZCbhQ7w4Mg7R8XyxFfAxHKuRGdTpEJ1luxQDuXom1gcB29k5qe5fF5PUkdN5jiswTI/?app=fbl>

"Салауатты өмір- нұрлы болашақ" атты дене шынықтыру бірлестігінің ұйымдастыруымен 1-11 сыныптар арасында ұлдар арасында "Шахмат" жарысында белсене қатысып,

I орын - Шынтасұлы Азамат

II орын - Маратұлы Бейбарыс

III орын - Шынтасұлы Ерқанат жүлделі орындарға ие болды.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0zuY6MQ7XjJGyhBNKfo4RUv5yJyv14G5W9xbh2Vklk67jaqYFxPoUggoScQm88fMhl/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде оқу-жаттығу сабағын білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық шеңберінде бекітілген алгоритмді негізге ала отырып оқу-жаттығу сабағы ұйымдастырылды.

-мектеп персоналына, күзет ұйымдарына нұсқама беру.

-мектеп оқушыларына нұсқама беру.

-техникалық құралдардың жұмыс істеуін тексеру.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid031ygAGG22hYFKR4AMAWvBsGsrGtb3ihCgFJasHmXeEszVdK2K8ywh2EohtioREsenl/?app=fbl>

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде мектеп оқушыларының қайғылы жағдайларға ұшырамауының алдын алу және суға шомылу маусымында су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру мақсатында ата аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа жергілікті учаскелік инспекторы полиция капитаны Жасағанбергенов Б.І. қатысып жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, жаз мезгілінде суға түсудің ережелері мен қауіпсіздік шараларын сақтау керектігін, соған ата аналардың балаларына қырағылықпен қарап жауапты екенін баса айтып өтті. Ата аналарға көктем-жаз айларында су айдындарындағы қауіпсіздігін сақтау, оқыс оқиғалардың алдын алуға байланысты бейне, фото материалдар ұсынылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02Khzwf39BVokEtYj4yseiBpojXUMgksddD3FJBdTzjRbwwNCW6FBdzhrRzZjhQQkl/?app=fbl>

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар басқармасының Азаматтық қорғаныс тобының офицері лейтенант Б. Бижұма және Қызылорда облысы «ӨСЖАҚЖҚ» ММ-нің Жедел-құтқару жасағының сүнгуірлік-құтқару

бөлімшесінің басшысы Абдикалыков Ролан Ерланович келіп, оқушыларға «Жаз мезгілінде су айдындарында білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардың алдын-алу», «Судан зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсету» тақырыптарында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid0FRz3LmQ4mAj9oYDncB7LW8NBWrt88Uwe1UvUi6LiqV7EiYqmPXdnThjJUTQbcetDI/?app=fbl>

"ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ ШЕРУІ - 2023"

Білім мен ғылымды ең басты қазынасы санап, білім мен өнердің, спорт пен шығармашылықтың биік шыңдарын бағындырған үздіктерімізге құрмет көрсетілді.

Пәндік олимпиада, ғылыми жобалар, спорттық сайыстар мен түрлі байқаулардың жеңімпаздары және кәсіби байқаулардың жүйріктері болып танылған жүлдегер оқушыларымызға арналған дәстүрлі үздіктер шеруі болып өтті.

Үздіктер шеруінде мектеп басшысы Жасұлан Махмұдұлы жүлдегерлерге құттықтау сөзін арнап, сәттілік тіледі.

2022 -2023 оқу жылының қорытындысымен қалалық, облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанған оқушыларымыз марапатталды.

Жеңістеріңіз бен жемістеріңіз көп болсын!!!

Үздіктер тұғырынан түспеңіздер, ЖЕҢІМПАЗ ЖҰЛДЫЗДАР!!!!

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02PztZ4vBZFc1xGpTn6BjiCcEрF PW8o3RxG649g1EP4asEShpmnrioCybbdv9XtLZl/?app=fbl>

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай 7 «А» сыныбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мағлұмат беру, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу. Тәрбие сағатында оқушылар саяси қуғын-сүргін құрбандарын 1 минут еске алды. Халқымыздың басынан өткен ауыр да азапты кезең туралы мәлімет беріп, осы күнге жете алмай, армандап өткен асыл ағаларымызды еске алу, ұмытпау – әрбір ұрпақтың парызы екендігі түсіндірілді.

<https://www.facebook.com/100044570716415/posts/pfbid02GryzEojjiT1hdsggzwVLdKgQk9mCQ5niy3wRrjMMxqkuE5Jh4Cq5XYXFeHTjqTatl/?app=fbl>

### **№39 “Қызылөзек” орта мектебі “Мектеп парламенті” жобасының 2022-2023 оқу жылдарындағы атқарылған жұмыстары**

Мектебімізде білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеуге бағыттаған және оқушылардың қызығушылықтары мен құқығын қорғайтын, білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға жұмыс жүргізетін өзін-өзі басқару ұйымы «Мектеп парламенті» жобасы құрылды. Осы орайда «Мектеп парламенті» жұмысы атқарылып жатыр.

«Мектеп парламенті» президентін сайлауы өткізілді. Сайлау нәтижесінде 10 Б сынып оқушысы Әбдікәрім Дана мектеп президенті болып сайланды.

"Мектеп парламенті" ұйымының президенті мен фракцияларының ант қабылдау рәсімі өткізілді. "Мектеп парламенті" жобасында 8 фракция жұмыс жасайды. Олар:

- Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология);
- Қамқорлық фракциясы (еріктілік);
- Дебат қозғалысының фракциясы;
- Құқық және тәртіп фракциясы;
- Ақпарат фракциясы;
- Спорт және салауатты өмір салты фракциясы;
- Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркемшығармашылық);
- Экология және еңбек фракциясы.



Ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күні» ұйымдастырылды.

5 қазан – Ұстаздар күні мерекесіне арналған «Ұстаз-саған мың алғыс» тақырыбындағы мерекелік іс – шара ұйымдастырды.

«Мектеп парламенті» дебат қозғалысы фракциясы Баймахан Еңліктің ұйымдастыруымен «Интернет кітап алмастыра алама?» мектеп ішілік пікір сайыс турнирі болып өтті.

Мектеп парламенті «Құқық және тәртіп» фракциясының ұйымдастыруымен сыныптар арасында мектепшілік "Үздік сынып" байқауы өткізілді.

Өзін-өзі басқару ұйымы «Мектеп парламенті» Спорт және салауатты өмір салты фракциясы Мұсабек Ақәділдің ұйымдастыруымен 6-7 сыныптар аралығында «Толағай» атты эстафеталық жарыс өтті.

Қамқорлық фракциясының ұйымдастыруымен «Жақсылық жасай білейік» акциясы.

Экология және еңбек фракциясының ұйымдастыруымен “eco-alem” үстел ойыны болып өтті.

ҚР –ағарту министрлігінің РҚББОӘО Алғыс айту күніне арналған “Алтын жүрек” Республикалық челенджін жалғастырды.

## **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ ОҚЫРМАНДАР КОНФЕРЕНЦИЯ**

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 1–8 – ақпан аралығына жоспарланған «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығының жоспарына сәйкес «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында белгілі драматург, жазушы, қоғам қайраткері -Төлен Әбдіковтың «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт» шығармасы бойынша оқырмандар конференциясы өтті. Мақсаты: қазақ әдебиетін дәріптеу, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуына ықпал ету. Т. Әбдіков өз шығармаларында өмірді оның қайшылықтарымен, адами қатынастардың күрделілігімен жеткізуге тырысады. Оның шығармалары оқырмандардың назарын оқиғаларды жеткізудің шынайылығымен ғана емес, сонымен бірге баяндаудың эмоционалды құрамдас бөлігімен де тартады, Сыздықова Гүлмира және қазақ тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен оқырмандар конференциясына 8,9,10- сынып оқушылары қатысып шығарма желісін талдап, түрлі сұрақтарға жауап берді. Кейіпкерлер жүйесіне өзіндік көзқарастарын білдірді. Барша әдебиет сүйер оқырман қауым Жазушы Төлен Әбдіктің шығармашылық мұрасымен жақынырақ танысып, кітаптарын оқып рухани бай болғыларыңыз келсе жыл кітаптарын бірге оқуға шақырамыз!

**«КІТАПХАНАҒА КІТАП СЫЙЛА!» АКЦИЯСЫ ӨТТІ!**

Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге" деп ойшыл Абай Құнанбайұлы айтып кеткедей, түйсігі бар әрбір адам үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта екенін ұғамыз. Осы орайда №39 “Қызылөзек” орта мектебінде кітапханашы Г.Сыздықова мен директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары Б.Бекенованың ұйымдастыруымен оқушылар және мұғалімдер арасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы болып өтті. Акция мақсаты — кітапхананың кітап қорын пайдалануға жарамды әдебиеттермен толықтыру, оқырман мен кітапхана арасын нығайту және оқушыларды кітап оқуға тарту. Акцияға мектеп мұғалімдерін бастап, оқушылар, ана-аналар кітапханаға әдеби кітаптар сыйға тарту етті.

***Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру***

**2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асады.**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына**

сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Қыркүйек-білім айы**

1- қыркүйек Білім күні мерекесіне орай, жаңа 2023 - 2024 оқу жылына арналған «Мектебім - мейірім мекені» атты салтанатты жиыны болып өтті.

Салтанатты жиында ауыл әкімі Сәкен Нысанұлы барша оқушыларды құттықтап, жылы лебізін білдірді. Мектеп директоры Ж.Байжанов іс - шара мазмұнының маңыздылығына тоқталып, қатысушыларды мерекелерімен құттықтап, жиынның мазмұның аша түсті.

Шара аясында 1сынып оқушыларын қарсы алып, бүлдіршіндер тақпақтары айтылды.

Жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылды. Жиынның соңында барлық сыныптарда "Мектебім-мейірім мекені" тақырыбында тәрбие сағаттарына жалғасты.

ында 1-11 сыныптарға дәріс сағаты жүргізілген. 1 сыныпқа келген оқушыларды мектепке келетін және мектептен қайтатын уақытта көшеден өткізіп жіберетін кезекшілік ұйымдастырылған. Сәтсіздік жағдайларының алдын алу мәселесі педагогикалық кеңесте, ата-аналар жиналыстарының күн тәртібіне қойылған.

**Қорытынды:** Жасөспірімдер арасында сәтсіздік жағдайлардың алдын алу мақсатында іс-шара жоспары әзірленіп, жолда жүру ережесінің заңдылықтарын сақтай отырып балалармен түрлі форматта шаралар ұйымдастырылған.

[https://www.facebook.com/story.php?story\\_fbid=840964160732600&id=100044570716415&mbextid=qi2Omg](https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=840964160732600&id=100044570716415&mbextid=qi2Omg)

«Сергіту Сәті» ЧЕЛЛЕНДЖІ ӨТТІ

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрілігінің 06.09.2023 жылғы

№4-04-2/5292-хатына сәйкес және Қызылорда облысы білім басқармасының «Тоғыз айдағы 9 іс-шара» тұжырымдамасымен білім беру мекемелерінде бірінғай тәрбие және спорттық сауықтыру «с-шараларын өткізу жоспарына сәйкес №39 Қызылөзек орта мектебінде шағын жинақты 08.09.2023ж күні «Сергіту сәті»челенджі өткізілді.

Мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Жасөспірімдер арасында денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін,оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы,өз денсаулығын күте білуге,еңбекқорлыққа тәрбиелеу

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0S6qsSuoxdGL39iuCQptSZ2ZC3rPPAhNH3Mpuv7GBxKHCrZzSHwqMdz1UDZWbCpptl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0S6qsSuoxdGL39iuCQptSZ2ZC3rPPAhNH3Mpuv7GBxKHCrZzSHwqMdz1UDZWbCpptl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f)

**«Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу»**

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» мақсатында ата – аналармен кездесу болып өтті.Жиналысқа жергілікті учаскелік поиция капитаны Е.Кенжебаев қатысып ҚР «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу»

Қазақстан Заңының талаптарына байланысты іс-шаралар ұйымдастырылып, алдын алу бағытында жұмыстар жүргізілетінін атап өтті.Қылмыс пен құқық бұзушылыққа бейім балаларды анықтап тиісті шаралар қолданып,мұғалімдерден құрылған рейдтер ұйымдастырылып, заңдылықты бұзуды болдырмау мақсатында жұмыстар айтылды. «Түнгі қаладағы балалар» дәстүрлі акциясысына мектеп мұғалімдерінен құралған кезекші топ көшелерді ,көңіл көтеретін орындарды,дүкендерді аралап оқушылардың беймезгіл жүрулеріне тыйым салып отырады. Ата аналарға ескертпе парағы таратылды.Әр аптаның жұма,сенбі,жексенбі күндері рейдтік жұмыстар жүргізіледі,кестесі жасалып бекітілген.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02vJ3ZGzvBqHVCf3UkuLNFgZnJh4uzRGsbBJzfaVoym9HL2PeDwpfsFru7yciWTj2Jl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02vJ3ZGzvBqHVCf3UkuLNFgZnJh4uzRGsbBJzfaVoym9HL2PeDwpfsFru7yciWTj2Jl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f)

**"Салауатты өмір салтын насихаттау" және нашақорлықпен есірткі бизнеске қарсы күрес**

"Салауатты өмір салтын насихаттау" және нашақорлықпен есірткі бизнеске қарсы күрес мақсатында Мектеп парламенті спорт фракциясы мүшелері және мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен 5-бсынып жас ұландарымен флешмоб өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, жаман әдеттерден сақтандыру, ішімділік пен темекінің жас организмге зиянды екенін насихаттау.

[https://www.facebook.com/story.php?story\\_fbid=856491489179867&id=100044570716415&mbextid=qi2Omg](https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=856491489179867&id=100044570716415&mbextid=qi2Omg)

**«ҚАРТТАРЫМ АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»**

Ел жақсысын еске алу – ұлтымыздың ұлы істерінің бірі. Қазақ қашаннан ардагерін ардақтап, аялай білсе, жалпы адамзат баласы алдында ұстаз еңбегінің алар мәртебесі зор.

1қазан Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай және ұстаздар мерекесі қарсаңында «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында мектеп ардагерлері мен ардагер ұстаздарға арналған мерекелік іс-шара болып өтті.

Білім беру саласында аянбай еңбек етіп, шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берген,

білім ордасында талай жыл қызмет жасаған мектеп ардагерлері мен ұстаздарымызды мектеп басшысы Жасұлан Махмұдұлы және кәсіподақ ұйымының төрайымы Лена Әкімханқызы айтулы мерекемен құттықтап, сый- сипаттарын табыстады.

«Мектеп парламенті» және «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері шараға қатысқан барша ардагер ұстаздарымызға ізгі тілектері мен әсем әндерін арнады.

Іс- шара аясында ардагер ұстаздарымыз өз пәндері бойынша мектеп оқушыларына сабақ жүргізіп, ұстаздық еткен жылдарын еске түсірді. Ардагер ұстаздарымыз мектеп басшылығына және шара ұйымдастырушыларына жылы лебіздерін айтып, батасын берді. Бүгінгідей мереке күні саналы ғұмырының тең жартысын табан аудармай жас ұрпаққа білім беріп, тәрбие үйретуге арнаған ауылымыздың ардагер ұстаздары біздің жүрегімізден ерекше бір құрметпен орын алады.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0261a21zFRestS7vYtcZyfcuFJYn8Qy1G4egwRwYztpNXiNji4cZeAzEpkE4o1dA85l&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0261a21zFRestS7vYtcZyfcuFJYn8Qy1G4egwRwYztpNXiNji4cZeAzEpkE4o1dA85l&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f)

## **ҚАЗАН-АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ**

### **"Көзқарас жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ"**

Дебат — бұл белгілі бір ережелерге сәйкес өткізілетін арнайы пікірталас нысаны, интеллектуалды ойын. Бүгін, яғни 29 қазан күні мектебімізде "Ақиқат жаршысы" дебат клубының және Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Көзқарас жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ" атты пікірсайыс ойындары өткізілді. Мектебімізден пікірсайысқа "Еверест" және "Тас түйін" фракциялары қатысты. 1 қарар тақырыбы: Б.П Отбасылық шешімдер қабылдауда балалар өз пікірін білдіру керек д.е 2 қарар. Цифрлық сауаттылықты арттыруда ең үздік механизмдерді көрсетеді. Ойын қорытындысы бойынша екі фракцияда тең дәрежеде болды. Ойын тартысты өтті.

### **«Әжем айтқан ертегі, Ертегі сыр шертеді»**

Қарттар күніне орай, 2 сынып оқушыларының әжелерін шақырып сынып сағаты өтті.

Әжелер айтқан ертегінің өзі қандай. Осындай рухани құндылықтарды бала бойына сіңіру мақсатында ұйымдастырылған іс шараға он үш әже қатысты.

Мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында бастауыш сынып оқушыларына берілген әдебиеттердің оқылуын бақылау мақсатында «Әжем айтқан ертегі» кешін ұйымдастыру.

- ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту;
- ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету;
- ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;
- қиялдау, мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту

## **ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ ЕЛДІҢ!**

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 25 қазан Республика күні қарсаңында Республикалық Бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған "Ұланымыз ұлы елдің" атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиында "Жас Ұлан" ұйымына мүше болуға ынта білдірген мектебіміздің оқушылары Ант қабылдап, көк байрағымыз түстес галстук тақты. Еліміздің болашағы жарқын, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын!

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02qr6EXXscs7gd2JmpQazccyemxu6vcp8y58UfkBdgbugkj4gstiVd6eReZt14i8CNl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02qr6EXXscs7gd2JmpQazccyemxu6vcp8y58UfkBdgbugkj4gstiVd6eReZt14i8CNl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f)

### **"Айтыс өнері туралы не білеміз?"**

Айтыс — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс - әдебиет жанры болғанымен, ертеден қалыптасқан халықтық дәстүрдің үлкен түрі.

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында, Қараөзек ауылдық клубының маманы, сценарист, ақын, ауылымыздың белсенді жастар ұйымының мүшесі Мәлік Қонысбек мырзамен "Айтыс

өнері туралы не білеміз? " тақырыбында мектеп оқушылары арасында танымдық сағаты өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар айтыс өнері туралы мағұлмат алып, өз ойларымен бөлісті.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0XcPg6gXRCRYH9U9ACWeKY9W5w5jqdscTjSt3BrB5VN7UMUMHyPLuEsdPy6wsgYZbl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0XcPg6gXRCRYH9U9ACWeKY9W5w5jqdscTjSt3BrB5VN7UMUMHyPLuEsdPy6wsgYZbl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f)

### **ҚАРАША –ПОЭЗИЯ АЙЫ**

#### **ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ЧЕЛЛЕНДЖІ БАСТАУ АЛДЫ**

№39"Қызылөзек"орта мектебінде 2023 жылы 17қарашада Республиканың барлық елді мекендеріндегі мектептерде бір мезгілде"Бес табан", "Бес асық" ойындарының ойналуына байланысты және «Тоғыз айға тоғыз іс шара» жоспары аясында «Асық ойыны» ұлттық жарысы ұйымдастырылды.

Челлендж мақсаты – білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, төл ойындарды дәріптеу. Міндеті: ұлтымыздың ұлттық ойындарын жаңғырту, құндылықтарын қастерлеу, оқушыларды асық ойынына баулу.

Ұлттық ойындар – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады, ал қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері үйкеліске түсіп, ми тынығады. Ойын арнайы орынды талғамайды, үй ішінде, ашық алаңдарда, мектеп, балабақша аулаларында өткізу.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid032KJHV8ZSkuYp2NAHVE2w2eUhzFQ3zQjzKb2qGEOvwlfeZCKWtq85RwWbvrCPqepUl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid032KJHV8ZSkuYp2NAHVE2w2eUhzFQ3zQjzKb2qGEOvwlfeZCKWtq85RwWbvrCPqepUl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f)

### **БАЛА ҚҰҚЫҒЫ-АСЫЛ ҚАЗЫНА**

23 қараша күні №39 “Қызылөзек” орта мектебінде дүниежүзілік балаларды қорғау күні: "Балаларға арналған өмір" онкүндігі аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен «Бала құқығы— асыл қазына» тақырыбында 5—11—сынып оқушылары аралығында эссе байқауы өткізілді.

Шараның мақсаты: Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттерін қалыптастыру. Оқушының құқығымен міндеттерін меңгерту.

Эссе жазу барысында оқушылар таза, ұқыпты, сауатты жаза білді.

Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.

<https://www.facebook.com/share/p/ZnfNyhVbQ6M2AR2q/?mibextid=qi2Omg>

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде дүниежүзілік балаларды қорғау күні «Балаларға арналған өмір» атты онкүндік аясында мектеп психологтарының ұйымдастыруымен инклюзивті білім алатын оқушылармен «Мен және менің әлемім» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.

Мақсаты: оқушылардың арасында жағымды ахуал қалыптастыра отырып, бір-бірлерімен жақсы қарым-қатынас орнату, достықтарын нығайту, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау;

Тренинг барысында:

«Көңілді үйрек» биі

«Иә», «Жоқ» ойыны

«Мен және менің әлемім» додокаэдр әдісі

«Мен мықтымын» ойыны

Мектеп психологтары А.Абилова мен С.Калмаганбетова оқушылармен сәлемдесіп, бүгінгі күндеріне сәттілік тіледі. Тренинг басында оқушылар ойындарға белсене араласып, жағымды, достық қарым-қатынаста болды.

«Көңілді үйрекпен» арам-сам-сам биін билеп, «Иә», «Жоқ» ойыны кезінде өздерінің зейінділіктерін байқата білді. «Мен және менің әлемім» ойынында додокаэдр әдісі арқылы қызықты сұрақтарға жауап берді. Тренинг соңындағы «Мен мықтымын» ойыны бүгінгі тренинге қатысқан оқушылардың арасынан мықтыларды анықтады. Оқушылар бүгінгі тренингтен алған әсерлерімен бөлісіп, көтеріңкі көңіл-күйде тарқады.

[https://www.facebook.com/story.php?story\\_fbid=885288449633504&id=100044570716415&mbextid=qj2Omg](https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=885288449633504&id=100044570716415&mbextid=qj2Omg)

#### «ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП» ІС-ШАРАСЫ

Тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу мақсатында ағымдағы жылдың 20 – 30 қараша аралығында «Құқықтық тәртіп» іс-шарасы аясында №39 «Қызылөзек» орта мектебінің 8-11 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты:

Кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстарды ескертуге және жолын кесуге бағытталған, қоғамға қарсы бағыттағы кәмелетке толмағандар топтарын анықтау. Оқушылардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыру, халықтың арасында тәртіпсіздікке және ұсақ құқық бұзушылықтың алдын алу.

ҚІПБ ЖІПҚБ ЮІПБ аға УІІІ-ры полиция мойоры Ө.Жалғасбаев;

ҚІПБ ЖІПҚБ ЮІПБ аға УІІІ көмекшісі полиция лейтенанты А.Кушкинбаев және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасов оқушылар арасында әлімжеттік, беймезгіл уақытта көшеде жүру, кәмелет жасына толмай көлік жүргізу секілді мәселелер бойынша оқушыларға заң төңірегінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қатаң ескертулер айтты.

#### ҚҰҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ-БАСТЫ МІНДЕТ

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу және мектеп оқушылары арасында буллинг, кибербуллингпен күресу. Бұл мәселелер қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы орайда бүгін №39 «Қызылөзек» орта мектебінде 8-11 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу, беймезгіл уақытта заңды өкілсіз жүрмеу, топтық төбелестің алдын алу, кибербуллинг, қоғамдық орындардағы тәртіп, мектеп ережесінің сақталуы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында заң өкілдірімен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге Қызылорда қалалық прокуратура өкілі Ибраш . Б және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қоқыбасов. С қатысты.

Шара барысында мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып күнделікті барлық сынып оқушыларының сабаққа себепсіз келмеуі мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, топтық төбелестердің ұйымдастырылуын болдырмау, білім алушылар арасында жаман әдетке үйір болмау, түнгі рейдтер туралы, ішкі тәртіпке бой ұсыну, темекі, ішімдік сияқты заттардан аулақ болу, бір-біріне үстемдік жасамау сияқты жаман әдеттердің алдын алу тақырыбында әңгіме жүргізілді.

Алдағы уақытта да қылмыстық әрекеттерге бой алдырмау мақсатында үнемі жасөспірім оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отыратындығы айтылды.

#### ЖЕЛТОҚСАН- «ҚАЗАҚСТАН –ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

##### "БОЛАШАҚҚА ХАТ"

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде 19 - желтоқсан күні "ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА" жоспары аясында 8-10 сынып оқушылары аралығында «Болашаққа хат" тақырыбында эссе жазу ұйымдастырылды. Эссе жазу білім алушылардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған.

Мақсаты: Еліміздің ертеңі болар, болашақтары жарқын мектеп бітіруші түлектердің өз болашақтарын көркемсөзбен толғанта білуіне қадам жасату.  
Еркін ой, ұтымды жауаптарымен сөз өнерін қадір тұтып, өз тілдерін құрметтей білетін жас ұрпақ тәрбиелеу.

Рухани құндылықтарды бағалай білетін жас өрендерді білімді болуға, ізденіске талпындыру.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02yDeYmk2BbJnDewD9BLgdsr7hrsGT1RAVKK2fqkATjJLGESvEAqQSkuxmGkxNGcgGl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02yDeYmk2BbJnDewD9BLgdsr7hrsGT1RAVKK2fqkATjJLGESvEAqQSkuxmGkxNGcgGl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f)

### **"ЖЫР ЖАМПОЗЫ — МҰХАМЕДИЯР"**

#### **МӘНЕРЛЕП ОҚУ САЙЫСЫ**

«Сырдың елі – жырдың кені» атанған қасиетті Сыр өңірі бармағынан бал тамған күйшілер мен күміс көмей әншілерге, жыршылар мен жырауларға кенде болмаған. Олар атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлтымыздың інжу-маржандары – ән-күйлеріміз бен жыр-термелерімізді кейінгі ұрпаққа табыстай білді. Осы тұста №39 "Қызылөзек" орта мектебінде Сыр өңіріне аты мәшһүр жыршы Мұхамедияр Жабағыұлының шығармашылығына арналған

" Жыр жампозы — Мұхамедияр" тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті.

5-10 сынып оқушылары қатысқан сайыста жүзден жүйрік шыққан шәкірттер арнайы дипломмен және жүлделі сыйлықтармен марапатталды.

Мақсаты: Әйгілі жыраудың баға жетпес өнерін жастар арасында насихаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуға үйрету. Мәнерлеп оқу сайысына қатысушы оқушыларымыз ақынның 1 шығармасын жатқа оқудан сайысқа түсті. Мәнерлеп оқу сайысында келесі шарттарға көңіл бөлінді: өзін сахнада дұрыс ұстау, өлеңді жатқа айту, өлеңнің сөздерінің түсінікті болуы, мәнері, дауыс ырғағы.

Аталған шарттар негізінде сайыс қорытындысы бойынша:

9"Б" сынып оқушысы Қуаныш Ақжанат

"Бас жүлде" иеленді;

5"А" сынып оқушысы Қонысбай Қасиет I дәрежелі диплом иеленді;

7"Б" сынып оқушысы Мұратбек Іңкәр II дәрежелі диплом иеленді;

9 "А" сынып оқушысы Ермағанбет Перизат II дәрежелі дипломмен марапатталды;

8" А" сынып оқушысы Аманқос Медет III дәрежелі диплом иеленді;

6"Б" сынып оқушысы Қабет Перизат III дәрежелі диплом иеленді;

5 "Ә" сынып оқушысы Ермекқызы Раяна III дәрежелі диплом иеленді.

Шараға арнайы шақырылған дәстүрлі әндерді орындаушы, термеші Нұрабай Дина жыраудың термелерін нақышына келтіре орындады.

[https://www.facebook.com/story.php?story\\_fbid=899868058175543&id=100044570716415&mibextid=qi2Omg](https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=899868058175543&id=100044570716415&mibextid=qi2Omg)

#### **«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ-ҚАЙЫРЛЫ ІС»**

39"Қызылөзек" орта мектебінде өзін өзі басқару ұйымы "Мектеп парламенті" камқорлық фракциясы Таңатарова Айымжанның ұйымдастыруымен ауылымыздағы Ақлима апайымызға қол көмектерін жасады. Қайырымдылық — адам бойындағы жақсы қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02h5iba7ajJeFAJ8kaRvGtXazaRT7HHCCdXxWUvo2aVnK2DmuPfwqfpKfLDPjVjjQKl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02h5iba7ajJeFAJ8kaRvGtXazaRT7HHCCdXxWUvo2aVnK2DmuPfwqfpKfLDPjVjjQKl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f)

#### **Қазақстан Республикасы Президенті шыршасы**

Қазақстан Республикасы Президенті атынан өткізілетін жаңа жылдық шырша 23-24 желтоқсан 2023 жылы облыс орталығы Қызылорда қаласында өткізілді. Президент атынан өткізілген шырша балаларды қуаныш пен шаттыққа бөледі.

Шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, бүлдіршіндерді мерекемен құттықтады.

Мерекелік шара барысында балалар Аяз Ата, Ақшақар және ертегі кейіпкерлерімен би билеп, ән айтып ертегілер еліне саяхаттады.

Мерекелік іс-шараға №39 "Қызылөзек" орта мектебінің 6 сынып оқушысы Бекболатқызы Еңлік қатысып, жаңа жылдық сыйлықтарын алды.

Жаңа жылдық кештен керемет әсер алған бүлдіршіндер мемлекет басшысына алғыстарын білдірді. <https://www.facebook.com/share/v/oGU3AwvGFLPurvUj/?mibextid=GOdwvm>

#### АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Қазақстан Республикасы ПМ-нің 4.12.2023 жылғы №1-5-5-3-53/4676-И нұсқауы жән Облыстық полиция департаментінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №4-45/239998 хатына сәйкес №39 "Қызылөзек" орта мектебінде 28.12.2023ж күні жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектеп директоры Ж.М.Байжанов сөз сөйлеп, ата-аналарды Жаңа Жыл меркесімен құттықтады.

Балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында жаңа жыл қарсаңында пиротехникалық бұйымдарды пайдаланбау, төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, жою, әкелу-әкету тәртібін бұзуы" айыппұл төлеуге әкеп соғатыны жайында айтылды

<https://www.facebook.com/share/p/VqZbn6HyttioqcLS/?mibextid=xfxF2i>

#### ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИМДІ ПАЙДАЛАНУ

Бүгін №39 "Қызылөзек" орта мектебінде дене шынықтыру пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен 3-4 сынып оқушылары арасында кіші футболдан жарыс өтті.

Оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында ұйымдастырылған сайысқа оқушылар белсене қатысып, жоғары деңгейдегі ойын көрсете білді.

Жарыс қорытындысы бойынша:

4 "Б" сыныбы I орын

3 "А" сыныбы II орын

4 "А" сыныбы III орынға ие болды.

<https://www.facebook.com/share/p/48xLsntGcYeAYhQE/?mibextid=xfxF2i>

#### ДЕБАТ

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде "Табиғат-Адам-Қоғам" тақырыбында пікірсайыс ойындары өткізілді. Сайысқа 5 фракция қатысты. Сайыс қарарлары

1. Фаст -фуд мейрамханаларының пайдасынан гөрі зияны көп деп есептейді
2. Қоғамда балалар қорғалған деп есептейді тақырыптарында өткізілді. Сайыс тартысты өтті. Ойын дебат ережесіне сай өтті.

Пікірсайыс ойындарының мақсаты - жасөспірімдердің ой-өрісін дамытуға, логикалық ойлауды және өз ұстанымын білдіруді үйрету. Сонымен қатар жаңа идеяларды қабылдауға икемдейді. Бос уақытын тиімді ұйымдастыру, патриотизмді дамыту жұмыста

<https://www.facebook.com/share/p/zgytphVVPtSNs3xp/?mibextid=xfxF2i>

#### «АХМЕТІЯССАУИ ЖӘНЕ ДАНАЛЫҚ ХИКМЕТТЕРІ»

6 Қаңтар күні №39 "Қызылөзек" орта мектебінде тарих пәні мұғалімі Мырзатаева Динаның ұйымдастыруымен Түркі әлемі, қазақ жұртшылығына танымал болған, мұсылмандардың рухани ұстазы, ұлы ойшыл, діни қайраткер Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың туғанына 930 жыл толуына орай 5-6 сынып оқушылары арасында "Ахмет Яссауи және даналық хикметтері" тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Сайыстың мақсаты: Халқымыздың қазыналы тарихында айрықша орын алатын Қожа Ахмет Яссауи мұраларына жаңаша көзқарас, тарихи жаңа таным қалыптастыра отырып, бабамыздың шығармалары арқылы өскелең ұрпақ бойына ар тазалығы мен адалдық, имандылық пен қарапайымдылық, ізеттілік пен парасаттылық сынды адам бойындағы ең асыл қасиеттерді сіңіру. Балалар Түркістандық ғұлама, сопы, әулие бабамыздың өмірімен шығармашылығымен қызыға танысып, сайыста өздерін жаңа қырынан көрсете білді.



Сайыс соңында мектеп басшысы Байжанов Жасұлан Махмутұлы бүгінгі шараның маңыздылығын, өзектілігін, тәрбиелік мәні зор екендігін атап өтті.

Сайыс нәтижесі бойынша:

5 “А” сынып оқушысы Қонысбай Қасиет I орын;

5 “Б” сынып оқушысы Балмағанбет Сезім II орын

5 “Б” сынып оқушысы Қуанышбай Нұрсұлтан III орынды иеленіп, арнайы дипломдармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/Pb19iscGouFiW3Mx/?mibextid=xfxF2i>

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ» САЙЫС-САБАҚ

Бүгін №39 "Қызылөзек" орта мектебінде тарих пәні мұғалімі Алдоңғарова Қарлығаштың ұйымдастыруымен 7-8 сынып оқушылары арасында "Қазақстанның өткені мен бүгіні" тақырыбында сайыс- сабақ болып өтті.

Сабақтың мақсаты: Сайыс сабақ арқылы оқушылардың білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін, жан-жақты ой-өрісін жетілдіру, оқуға деген ынтасын арттыру. Тәуелсіздігімізді ұлықтау арқылы оқушылардың бойында Отанға деген құрмет, патриотизм қасиеттерін қалыптастыру.

Сайыс 5 кезеңнен тұрды.

I Таныстыру

II «Ширату»

III «Тұлғаны таны»

IV «Менің Қазақстаным» постер қорғау

V «Пазлмен жұмыс»

Сынып 4 топқа бөлінді

«Жас қыран»

«Болашақ»

«Алаш»

«Бәйтерек»

I Таныстыру кезеңі.

Бұл кезеңде оқушылар топ атын, топ мүшелерін таныстырып, топ ұранын айтты.

II «Ширату» кезеңі

Әр топқа 5 сұрақтан берілді. Топ мүшелері жылдам, әрі тез жауап берді

III «Тұлғаны таны» кезеңі

Оқушылар берілген тұлғаларды табады және тұлғалардың қазақ тарихында алатын орнын анықтайды.

IV «Пазлмен жұмыс» кезеңі

Бұл кезеңде берілген пазлды жинақтап, топ мүшелері берілген сурет аясында пікірлеседі.

Пазлды топтың бір мүшесі қорғайды.

V «Менің Қазақстаным» постер қорғау кезеңі.

Бұл кезеңде “Тәуелсіз Қазақстанның дамуы үшін дәл қазір қандай үлес қосасың?» тақырыбында постер жасап, қорғайды.

Сайыс нәтижесі бойынша "Болашақ" тобы үздік деп танылып, арнайы дипломмен марапатталды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0K7poGb3VnVZw6SZSyBzQpR2yeHui87CH57ydXxkcv0E1vpX7zZpnk9TsfQAJiZZdl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=Vhdh1V](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0K7poGb3VnVZw6SZSyBzQpR2yeHui87CH57ydXxkcv0E1vpX7zZpnk9TsfQAJiZZdl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=Vhdh1V)

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ, МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ.

17 Қаңтар күні №39 "Қызылөзек" орта мектебінде тарих пәні мұғалімі Қайырбеков Бақытжанның ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында "Алаш жұртының әйгілі перзенттері" Шәкерім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 165 жыл тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының бір туар ұлдары Шәкерім Құдайбердіұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір жолымен, еңбектері туралы таныстыру. Ұлы Абайдың мирасқоры,

талантты шәкірті, дарынды қаламгері Шәкәрім екендігін, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінің маңыздылығын, құндылығын анықтап, өмірлік шынайылығын түсініп, талдау.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектеріндегі қазақ тарихына қатысты деректерді оқыта отырып, оқушыларды туған жерін, халқын сүюге тәрбиелеу. Оқушылар Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектеріндегі қазақ тарихына қатысты деректердің маңыздылығына тоқталды. Олардың еңбектерінің қазақ халқының тарихынан алатын орнын түсіндірді.

Шараны қорытындылау барысында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының аттарын, олардың қазақ тарихынан алатын орындары жайлы өз ойларын ортаға салып, еңбектеріне тек қана тарихи дерек көзі ретінде ғана емес, қазақ халқының рухани мұрасы ретінде қарауды атап өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/JHYXWqdp8Ciiqps8/?mibextid=xfxF2i>

«СҰЛТАН БЕЙБАРЫС-ҰЛЫ дала елінің барысы» ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Бүгін №39 "Қызылөзек" орта мектебінің 6«А» сыныбында "Сұлтан Бейбарыс-Ұлы дала елінің барысы" тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Тәрбие сабақтың мақсаты :

1. Оқушыларды Сұлтан Бейбарыстың өмірбаянымен таныстыру.
2. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ойлау, есте сақтау, сезіну қабілеттерін дамыту.
3. Сұлтан Бейбарыстың өмірбаяны арқылы тарихи тұлғаларымызға деген қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу. Оқушыларды адамгершілікке, еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке баулу. Білімге деген құштарлығын арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/7917vpf4Af741KXU/?mibextid=xfxF2i>

«ҚАРЛЫҒАШ БИІ АТАНҒАН» ТӨЛЕ БИ

Қазақ даласына атағы жайылып, даналығы мен қарақылды қақ жарған әділдігі үшін ел ішінде «Қарлығаш би» атанған Ұлы жүздің Үйсін аталығынан шыққан, Үш жүздің төбе биі атанған Төле би бабамыздың туғанына -360 жыл толуына орай №39 "Қызылөзек" орта мектебінде 5 "А" сынып оқушылары арасында "Туралықты ту еткен Төле би" тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағаттарында «Төле би» бабамыздың өмір жолынан ақпарат беретін бейнероликтер көрсетілді. Оқушылар Төле бидің нақыл сөздері мен шешендік сөздерін нақышына келтіріп оқыды және сұрақтарға жауап берді. Тәрбие сағатының мақсаты: өскелең ұрпақтың бойына даналардың айтқан ақыл, нақыл сөздерін сіңіру.

<https://www.facebook.com/share/p/rhv8X17WEzVigWcZ/?mibextid=qi2Omg>

«КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС»

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 23 қаңтар күні “ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” акциясы аясында Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен 5-7 сынып Жасұландары арасында достық қарым – қатынасты нығайту және көтеріңкі көңіл – күй сыйлау мақсатында көңілді үзілістер түрлі ойындар ойнап, естелік суреттерге түсті

<https://www.facebook.com/share/p/MJj9UrYxrAtnd4yV/?mibextid=qi2Omg>

«МЕНИҢ ҚОЛЫМНАН КЕЛЕДІ»

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 24 қаңтар күні “ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” акциясы аясында Мектеп парламентінің Экология және еңбек фракциясы Мерғазы Каусардың ұйымдастыруымен 2-5 сынып оқушылар арасында кесте тігіу, тоқу жұмыстары жүгізілуде.

Мақсаты оқушылардың тоқыма тоқу өнері туралы білімін тереңдету, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Акцияның мақсаты: оқушылар үшін достық, қауіпсіз кеңістік, жасампаз ұжымдық шығармашылық негізде позитивті қатынастар орнату.

Акция ұраны: " Нағыз досың болғанын қаласаң-дос бол! "

Акцияға әрі қарай қатысуға шақырамыз!

<https://www.facebook.com/share/p/cJk2mdetwgp85DBV/?mibextid=xfxF2>

«ҚАЗАҚ ЕСЕБІ» ЧЕЛЛЕНДЖІ

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында білім алушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылығын ояту, креативті және сыни ойлауын дамыту мақсатында «Қазақ есебі» челленджі бастау алды.

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспарына сәйкес, «Қазақ есебі» челленджі ұйымдастырылды.

Ұлттық қазынамыздың бірі – қазақтың байырғы қара есептері. Аталған білім ордасының математика пәні мұғалімдері М. Бостанова мен П. Ермағанбетова осы есептерді оқушыларға орындатты. Байырғы ұлттың ерте замандағы тұрмыс-салты, әлеуметтік өмірі мен мәдениеті және басқа сипаттары туралы аса құнды ақпарат алуға болатын есептермен таныстырды. Сонымен қатар, оқушылар профессор, ғалым-математика Асқар Жұмаділдаевтің өмірімен, авторлық есептерімен таныс болды.

Мектебіміздің 8-10 сынып оқушылары 26.01.2024 жылы сағат 11:00-де бір мезетте есеп шығарып, стандартты есептерден бөлек, ұлтымыздың математикаға қаншама ғасырлар бұрын қызығушылығынан туындаған есептердің болғанын байқады

<https://www.facebook.com/share/p/nEFPKjeenKcDMwwh/?mibextid=qi2Omg>

«Менің болашақ мамандығымның таңдауы»

29 Қаңтар күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде "Мамандық таңдау — маңызды іс" тақырыбында мектепшілік іс-шара жоспары аясында 7 "А"- 7 "Б" сынып оқушыларының қатысуымен "Менің болашақ мамандығымның таңдауы" тақырыбында пікір сайыс өткізілді.

Мақсаты:

Оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау;  
Мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, мамандықтар туралы көз қарасын дамыту алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу.

Сынып оқушыларының жеке қасиеттері мен қызығушылықтарын зерттеу

Сынып жетекшілер: Тұяқбева Лаззат, Мұқанов Жанарыс

Пікірсайыс барысында оқушылар мамандық таңдаудағы өзекті мәселелер жайлы, мамандық таңдауда ата-ананың рөлі, бүгінгі таңда сұранысқа ие мамандықтар жайлы тақырыптарды қозғады.

Сергіту жаттығуы ретінде "Әріпті мамандық" ойыны ойнатылды. Оқушылар бұл жерде сол әріптен келетін мамандық туралы айтып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/gWMw2FEi3JXhov5P/?mibextid=qi2Omg>

«МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МАҢЫЗДЫ ІС»

29 Қаңтар күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Мамандық таңдау – маңызды іс» тақырыбында мектепшілік іс-шара жоспары аясында 5 «А» сынып оқушыларының қатысуымен «Менің таңдауым» тақырыбында тренинг өтті.

Сынып жетекшісі: Сұлтанова Гүлсім

Мақсаты: Адам өміріндегі мамандық таңдаудың маңыздылығын ескере отырып, оқушыларға кәсіби бағдар беру, заманауи мамандықтармен таныстыру, олардың болашаққа деген сенімі мен ұмтылысын қалыптастыру.

Тренинг жоспары:

1. Кіріспе сөз.
2. «Ойланып көрейік» жаттығуы.
3. «Менің таңдауым...» жаттығуы.
4. «Айдар тағу» жаттығуы.
5. «Күлкі «К» витамині» тренингі.
6. Қорытынды.

Оқушылар тренинг барысында бір-біріне және топтасу арқылы жақсы тілектер айта отырып, көңіл -күйлерін ретке келтірді.

Пікірлесу кезеңі мен тренинг жаттығуларының тәртібі мен қағидалары ескертіліп, шарты мен ережесі толықтай түсіндірілді.

Тренинг - Сен болашақ мамандығыңды таңдадың ба?, қандай мамандық таңдайсың? сияқты сұрақтардан басталып, "Ең жақсы ойыны", "Мамандықты тап" ойындарымен жалғасты. Мамандық таңдау тақырыбы бойынша мақал-мәтел жарысы да ұйымдастырылды. Психологиялық сәт: "Психогеометрия" өзін-өзі таңдауда оқушылар өзіне ұнаған геометриялық фигураларды таңдап, әр фигураның қандай да бір адам бойындағы қасиетті, қабілетті білдіретінін түсінді. Тренинг соңында "Тренинг ұнады ма? Сауалына жауап беріп, оқушылардан кері байланыс алынды.

<https://www.facebook.com/share/p/d3UVpAcngfg71g25/?mibextid=qi2Omg>

«БІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ»

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру жоспарына сәйкес Адал ұрпақ мүшелерінің ұйымдастыруымен " Біз жемқорлыққа қарсымыз!" атты жоғары сынып оқушыларына дөңгелек үстел пікір сайысы болып өтті. Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі салалық бағдарламамен, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" ҚР-ның заңымен таныстыру, сыбайлас жемқорлыққа қатысты статистикалық мағлұматтар мен фактілеге мысалдар келтіру, пікір алмасу.

Нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігімен жетуге тырысу. Парақорлықты көрсеңіз жергілікті органдарға және ақпаратқа хабар беру. Жемқорлыққа қарсы жан жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде күрестер жүргізу

Сонымен қатар оқушылар жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, есірткінің зияны жайлы, лудоманияға байланысты ақпараттар айтып, слайд арқылы ескертпе бейнематериалдармен таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/p/hpnmrXazZczZg9yv/?mibextid=qi2>

«ДОСБОЛІКЕ-ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» АКЦИЯСЫ

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 31 қаңтар күні "ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" акциясы аясында Мектеп парламентінің қамқорлық фракциясы Таңатарова Айымжан.

Бұл әлемде біздің қоршаған ортамызды толықтырып тұратын адам баласы ғана емес, жан-жануарларда әсер етеді. Сол себептен біздің қоршаған ортамыз көркем әрі әдемірек болып көрінеді. Бұл қоршаған ортада көмек қолын созып, жан-жануарларды қорғап жүретін қайырымды жандарда бар. Бізде сол кісілер секілді жануарларды қорғап олармен көңіл көтеріп айналамызды нұрға толтыра аламыз. Азда болсын өзіміздің үйіміздегі жануарлармен уақыт өткізіп, қуантып жүрейік.

<https://www.facebook.com/share/p/GjnbD82WdkmQnuvK/?mibextid=qi2Omg>

«ДОСБОЛІКЕ-ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» АКЦИЯСЫ

ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" акциясы аясында Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Мен досыммен мақтанамын» достық тақтасы қойылды.

Дос деген – киелі түсінік. Көңілі бір, ортақ адамдар ғана бір-бірімен дос бола алады.

«Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам», «Өз басыңды дауға берсең де, жолдасыңды жауға берме», «Жаман туған болғанша, жақсы жолдасың болсын», «Досы көпті жау алмайды», «Жолдас көптің олжасы көп» дейді халқымыз.

<https://www.facebook.com/share/v/DETFQkLjqLgrRjnw/?mibextid=qi2Omg>

«АҚБІЛЕК», «ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ», «БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» РОМАНДАРЫНАН ҮЗІНДІ

6 Ақпан күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Тіл – бірлігім, тіл – қуатым, тіл – рухым» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығы және «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ақбілек», «Шұғаның белгісі», «Бақытсыз Жамал» романдарындағы қазақ әйелдерінің тағдыры тақырыбында оқырмандар конференциясы өтті.

Мақсаты:Қазақ әдебиетін дәріптеу, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуына ықпал ету.Өз пікірлерін айтуға дағдыландыру, ойлау, жүйелі салыстыру қабілеттерін жетілдіру;Көркем шығарманың тәрбиелік мәнін жеке өмірінде қолдануға бағыт беру.Оқушыларды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, білімдерді сарқып білуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, оқыған кітаптары жайлы бір-біріне айтып, қызықтыруға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты пайдалануға баулу.Оқырмандар конференциясының барысында оқушылар үш топқа бөлініп, төмендегідей тапсырмаларды орындады.

I кезең бойынша:

«Тапқыр болсаң, тауып көр»

Оқушылар оқыған әңгіменің желісінен қойылған сұрақтарға нақты әрі жылдам жауап берді.

«Оқиға желісін ретімен орналастыр»

Әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасады.

• II кезең бойынша:

«Ақбілек», «Шұғаның белгісі», «Бақытсыз Жамал» романдарының желісі бойынша 5-7 минуттық сахналық қойылым көрсетті. Сахналық қойылымда оқушылар шығармадағы әйелдер тағдырын, сол замандағы қыз баланың қоғамдағы рөлін әсерлі жеткізе білді.

<https://www.facebook.com/share/p/kG992UdZ2MfkqWDh/?mibextid=xf>

«ТІЛ-БІРЛІГІМ, ТІЛ-ҚУАТЫМ, ТІЛ-РУХЫМ»

7 Ақпан күні №39 "Қызылөзек" орта мектебінде «Тіл –бірлігім, тіл –қуатым, тіл -рухым» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығы аясында 5-7 сынып оқушылары арасында қазақ тілі пәнінен мектепшілік эссе байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету.жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, қалалық, облыстық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау.Мектепшілік эссе байқауына қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен барлығы 20 оқушы қатысты. Оқушылардың жұмыстары тексеріліп, нәтижесі шығарылды. Байқауда білімімен дараланған оқушылар апталықтың жабылу кешінде арнайы дипломдармен марапатталады.

Оқушылар берілген үш тақырыптың біріне эссе жазды. Жазбаша жұмыс бес критерий бойынша ең жоғары 50 ұпаймен бағаланды.

- 1)Эссенің мазмұны, ой тереңдігі – 10 ұпай;
- 2) Әдеби материалды пайдалану деңгейі – 10 ұпай;
- 3) Эссенің жазылу стилі мен тілі – 10 ұпай;
- 4) Тыныс белгілері (пунктуация) – 10 ұпай;
- 5) Емле (орфография) – 10 ұпай.

Эссе тақырыптарының біреуі – еркін тақырып, екеуі – оқу бағдарламасына сәйкес таңдалды.

<https://www.facebook.com/share/p/DBVogV6kmqA7GwNs/?mibextid=qi2Omg>

«МҰҚАҒАЛИ ЖЫРЛАРЫ-МӘҢГІЛІК» МӘНЕРЛЕП ОҚУ САЙЫСЫ

8 Ақпан күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде – «Тіл –бірлігім, тіл –қуатым, тіл -рухым» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндері апталығының жоспарына сәйкес ақиық ақын, қазақ поэзиясының ХАН ТӘҢІРІ Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мұқағали жырлары – мәңгілік » атты 5-11 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Мақсаты: XX ғасырдың таңғажайып ақыны Мұқағали Мақатаевтың жырларын оқушылар арасында кеңінен насихаттау,ақынның өмірін, өлеңдерінің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып өзгешелігіне көңіл бөлу, өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру, отаншылдыққа, сүйіспеншілікке, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу, ақынның парасатты поэзиясы арқылы адамгершілікке тәрбиелеу . Сайыс барысында Мұқағали

ақынның өмірі мен шығармашылығы кеңінен таныстырылып, оқушылар ақын жырларын жатқа оқып, әсем әндерін орындады. Сайыс соңында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сержан Бозымбайұлы кешті қорытындылап, сайыста жеңіске жеткен оқушыларды жариялады. Бүгінгі сайысты ұйымдастырушыларға және жақсы қатысқан оқушыларға алғыс білдірді. Осындай сайыстарға барлық оқушыларды белсене қатысуға шақырды.

Сайыс нәтижесі бойынша

8-11 сынып оқушылары арасында:

11 «А» сынып оқушысы - Айтжанов Нұрлыхан I орын;

10 «Б» сынып оқушысы – Болат Дина II орын;

10 «А» сынып оқушысы – Бахтияр Нұрислам III орын;

8 «Б» сынып оқушысы – Жұмабек Каусар III орын иеленді.

5-7 сынып оқушылары арасында:

5 «А» сынып оқушысы Қонысбай Қасиет I орын;

7 «Б» сынып оқушысы Рысбай Нұрсұлу II орын;

6 «А» сынып оқушысы Ермекқызы Гүлсезім III орын;

5 «Ә» сынып оқушысы Марат Бейбарыс III орын иеленді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02mvsSUGa9xpWVo1KuyHZPSNSCN GYY9hQhJCqPn11jdbstrhmbQ5W7hoPxUzaxt44l&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02mvsSUGa9xpWVo1KuyHZPSNSCN GYY9hQhJCqPn11jdbstrhmbQ5W7hoPxUzaxt44l&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V)

«ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ» АШЫҚ САБАҚ

Бүгін №39 "Қызылөзек" орта мектебінің 2 "А" сыныбында Дүниетану пәнінен "Қауіпсіздік ережелері" тақырыбында ашық сабақ болып өтті.

Сынып жетекшісі: Есетова Айдана

Сабақтың мақсаты: – үйде, қоғамдық орындарда, көшеде, табиғатта өздерін дұрыс ұстауға үйренеді және қауіпті және қауіпсіз жағдайларды талқылайды. – оқулықтың мәтінінен және суреттерден, электронды қосымшадан ақпаратты қабылдайды – ауызша сөйлеуді дамытады, мінез-құлықтың қауіпсіздік ережелері туралы мәліметтерді байланыстырып айтып береді; – қауіпті жағдайда бағдарланудың дағдыларын үйренеді және тиімді шешімдер қабылдайды; – топ ішінде, үйде және көшеде жүріс-тұрыстың дұрыс-бұрысын анықтап, суреттен қауіпсіздік ережелеріне сай көрсетеді. Балалар сабақ барысында жеке, жұптық, топтық тапсырмалар орындап түрлі ғажайыптарға куә болды. Қауіпсіздік ережелерін жете түсініп, үй жағдайында, мектепте, қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды меңгерді. Түрлі жағдаяттық тапсырмаларды орындап, ашық сабақта бір-бірін бағалады. Мұғалім сабақ соңында оқушыларды "Білім шамы" әдісімен бағалап, кері байланыс алды.

<https://www.facebook.com/share/p/SGh9c8hmEYiVwi1B/?mibextid=xfxF2i>

«МЕКТЕП-ТЕАТР» ЖОБАСЫ

А. Хангелдин атындағы №179 орта мектебінің ұйымдастыруымен

Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына орай өткізілген «Халқым деп соққан жүрегі, қазаққа туған ұл еді» атты аймақтық сахналық қойылым, монолог оқу сайысында №39 "Қызылөзек" орта мектебінің оқушылары топ жарды.

Сахналық қойылым сайысында жүлделі I орынды иеленді.

Монолог оқу сайысында 9 сынып оқушысы Қуаныш Ақжанат жүлделі II орынды иеленді. Барша жеңімпаздарлы және жетекші ұстаздарды құттықтаймыз.

<https://www.facebook.com/share/p/jwD5J1CpK5AbjhDJ/?mibextid=xfxF2i>

«АҚБІЛЕК» РОМАНЫНЫҢ ЖЕЛІСІНДЕ САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде "Мектеп театры" жобасы аясында қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына - 135 жыл толуына орай «Ақбілек» романының желісі бойынша сахналық қойылым көрсетілді.

Мақсаты: қазақтың асыл перзенті, Алаштың айбынды тұлғасы, көрнекті жазушы, ақын Жүсіпбек Аймауытовтың өмір жолы мен шығармашылығымен таныстыру, туған халқына,

оның әдебиетіне , мәдениетіне сіңірген еңбегін танып - білуге үйрету. Қазақ әдебиетінің құнды мұраларын ел арасында насихаттауды көздейтін, театр арқылы көркем шығарманың оқырмандар жүрегінен жол табуына ықпал ету.

"Ақбілек" романы бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылын суреттеген алғашқы эпикалық роман. Ақбілектің басынан өткен оқиғалар арқылы жазушы сол бір қиын- қыстау кезіндегі қазақ аулының өмір шындығын , адамдардың түрлі тағдырын кеңінен бейнелейді. Оқушылар Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан туған шығарманың оқиға желісі мен кейіпкерлер жүйесін ашып, Ақбілектің басынан өткерген барлық қиындықтарын сахна тілінде жеткізе білді. Романдағы жағымсыз кейіпкерлердің озбыр әрекетін көрсетуде жоғары шеберлік көрсетіп, көрермендер көңілінен шықты.

<https://www.facebook.com/share/p/QHwXZYEk9V76genP/?mibextid=xfxF2i>

«ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ» ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

39"Қызылөзек" орта мектебінде өзін өзі басқару «Мектеп парламенті» құқық және тәртіп фракциясы Берікболова Жанеркенің ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылары арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Дөңгелек үстел барысында қазіргі таңда ең көп тараған нашакорлықтың алдын алу, лудамания, буллинг және кибербуллинг туралы да түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/RWvEsYKMkQu2E8jf/?mibextid=xfxF2i>

МЕКТЕПШІЛІК АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Осыған орай, 15 ақпан күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде жасөспірімдер арасындағы тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтың алдын баптарымен таныстыру мақсатында мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттіктің алдын алу

Оқушылардың кешкі уақытта көшеде жүрмеуі

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу

Жасөспірімдердің зиянды әдетке баруын тежеу (есірткі, шылым, лудомания) Ақсай полиция бөлімшесі ЖПҚБ бастығы, полиция мойоры Спатаев Азамат Алмасбекұлы;

Ювеналды полиция бөлімшесі аға учаскелік инспекторы Жалғасбаев Өмірзақ

Жомартұлының және Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Әбдіжаппар Сәкен

Нысанұлының қатысуымен түсіндіру, профилактикалық жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ

сала мамандары Қызылорда қаласының төңірегінде болып жатқан жасөспірімдер арасындағы ахуалға тоқталып өтті. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта (сағат 22-ден

таңғы 6-ға дейін) заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болуына

жол берілген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы , кәмелетке толмағандардың

түнгі уақытта ойын – сауық мекемелерінде болуына жол берілген жағдайда ата – анасына

немесе заңды өкіліне шара көрілетіндігі туралы арнайы баптармен таныстырылды. Ата-

аналар өз ойларындағы сұрақтарға жан -жақты жауап алып, біршама мәліметтермен

танысты. Жиналыс соңында мектеп директоры Байжанов Жасұлан Махмутұлы өскелең

ұрпақты тәрбиелеуде үштік одақ ( ата-ана- мектеп-оқушы) бірлесіп әрекет етсе ғана оң

нәтиже көрсететінін және ата-аналарға жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың

белең алуына жол бермеу керектігін айтып өтті. Өскелең жас ұрпақтың бойына ұлттық

тәрбиені сіңіре отырып, жан -жақты да жарасымды ұрпақ етіп тәрбиелеу ата-ана мен

мектеп тарапынан үздіксіз жүргізілетін процесс екендігін естен шығармайық!

<https://www.facebook.com/share/p/TfzefN2m25X6TsTC/?mibextid=xfxF2i>

«Анаға тағзым» орталығы

15ақпан күні #39"Қызылөзек"орта мектебі қалалық білім бөлімі«Аналарға тағзым» орталығының бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес мектебіміздің 8-10сынып қыз балаларына арналған, қыздар клубы студиясының жұмысын ұйымдастырды. Аталған іс шарада оқушыларымыз «Қазақ елінің Ұлы аналары» экспозициялық кешені «Ұлт жақұты» музейлерінің жұмыстарымен танысты. Жалпы таныстырылым аяқталған соң, оқушылар теңдей екі студияға бөлініп, шеберлік сағатына қатысты. Психолог-медиатор кабинетінде «Қыздар өміріндегі өтпелі кезеңдегі мәселелердің алдын-алу»,«Эмоцияны қалай басқаруға болады?»«Ой мен ойын»

«Депрессивті көңіл-күйден шығу» психологиялық тренинг, кеңес беру сабақтары өткізілді.

«Бойтұмар» қыздар клубы «Сәнді шаш-ару көркі»

«Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді»

«Қыз еркем, қылығымен көркем»

«Бақытыңды бағала» шеберлік сағаты, дөңгелек үстел, танымдық сағаттар ұйымдастырылды.

Оқушылармен кері байланыс жасалып, естелік фото суреттерге тусті.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid08ASyNw9dUsJSmawi8rBc1AEvnWCKJ1EocwfoQ5qqZXC4pGHtdnE5u3pdmbV9zSHxl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid08ASyNw9dUsJSmawi8rBc1AEvnWCKJ1EocwfoQ5qqZXC4pGHtdnE5u3pdmbV9zSHxl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f)

«Челлендж»

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 8-наурыз аналар мерекесіне орай челлендж өтілді.

<https://www.facebook.com/share/v/L2Q7NSTEPCW8nGte/?mibextid=qi2Omg>

«Дебат»

Дебат —бұл белгілі бір ережелерге сәйкес өткізілетін арнайы пікірталас нысаны, интеллектуалды ойын.

Бүгін,яғни 22 ақпан күні №39 "Қызылөзек" орта мектебінде мұғалімдер арасында "Білімдінің сөзі -ем,мейірімі көп,өзі кең!" тақырыбында қалалық (дебат) пікірталас турнирі өтті.Ауыл мектептерінің ұстаздары арасында өткен турнирге 7 мектептен 7 фракция катысты.

Жарыс нәтижесі бойынша:

1 орынды №144 орта мектебінен келген "Цицерон" фракциясы иеленсе,

2 орынды № 268 орта мектебінен келген "Аттила"фракциясы иеленді.

3 орынды №145 орта мектебінің " Ақиқат" фракциясы және

4 орынды№ 39 мектептің "Жас ұрпақ" фракциялары қанжығалады

"Үздік спикер" номинациясын – №218 мектептің мұғалімі Қартаңбаева Райкүл иеленді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02VNhYdzyjyNCx8mKnd6pHqfn6YceaDHRNuFfpqBcdymPuPBWQGiHfLF6nc8B6AXBgl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02VNhYdzyjyNCx8mKnd6pHqfn6YceaDHRNuFfpqBcdymPuPBWQGiHfLF6nc8B6AXBgl&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V)

«Алғыс айту»күні

№39"Қызылөзек"орта мектебі өзін өзі басқару"МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ" 1Наурыз "АЛҒЫС АЙТУ" күнімен құттықтайды.

<https://www.facebook.com/share/v/aquL5QAY8dkAieFK/?mibextid=qi2Omg>

«Алғыс айту» күні

1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

39«Қызылөзек» орта мектебінің «Жас ұлан» ұйымы мүшелері АЛҒЫС АЙТУ мерекесімен құттықтайды.

<https://www.facebook.com/share/v/PhRA6bznPfbCxjo7/?mibextid=GOdwvm>

8-наурыз аналар мерекесіне ұйымдастырылған іс-шара

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Мектеп парламенти» және «Жас ұлан» ұйымы оқушыларының ұйымдастыруымен 8-наурыз аналар мерекесіне орай «Ана-өмір шуағы»



атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға әлемнің жарығын сыйлаған аналар мерекесі туралы түсінік беру. Мейрімділікке сый-құрметке тәрбиелеу. Ұлтқа тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру. «Төрт тоқсан-төрт жоба»

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде "Төрт тоқсан-төрт жоба" ұлттық мәдени-ағарту жобасы бойынша "Ұлттық өнер" көрмесінде "Ұмыт болған ұлттық тағамдар" атты Ата-аналар мектебі жобасы аталып өтті. Мақсаты Наурыз мерекесіне сәйкес келуіне байланысты мерекенің мазмұнын байытып, жаңаша атап өту, жаңа дәстүрін қалыптастырып, қазақтың ұлттық тағамдарын кеңінен насихаттау.

Оқушылардың бойына ұмыт болған және қолданыстағы ұлттық тағамдардың дайындау технологиясын дарыту, сонымен қатар дәрумендерге бай өз тағамдарымызды насихаттау.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0pV5Eks3Vb7kyKnxCYs1HB8ESU UeddDTTzgofoYGbyZ5emdvi1VZqt9Tbok69L4b1l&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0pV5Eks3Vb7kyKnxCYs1HB8ESU UeddDTTzgofoYGbyZ5emdvi1VZqt9Tbok69L4b1l&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V)

«Игілікті істің ұйытқысы бола біл»

№39 "Қызылөзек" орта мектебінде 2024 жылғы Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасына сәйкес 15 наурыз қайырымдылық, мейірім мен тату көршілік тақырыбына арналған шарасы ұйымдастырылды.

Ел бойынша жаппай өтетін мұндай іс шаралар қоғамға қайырымдылық көрсету мәдениетін сіңіріп, жаңашырлықпен өзара қол ұшын беру құндылықтарын қалыптастыруға себепкер болады.

Осы орайда "Мектеп Парламенті" игілікті істің ұйытқысы бола білді.

<https://www.facebook.com/share/p/Mx8ZDG9hBwvfy5R2/?mibextid=>

«Ұлттық киім» күні

Қазақ мәдениетінде қайталанбас орны бар саланың бірі – ұлттық киімдер.

Сан ғасырлар бойы қазақтың ұлттық киімі қарапайымдылығымен және ұтымдылығымен ерекшеленіп, қазақы болмысты айшықтап келеді. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтар өз мәнін жоймай, керісінше дәстүрлер сабақтастығы мен мәдениетке құрмет қайта жаңғыруда. Ұлттық киімдеріміз жаңа заманның озық технологияларының және дизайнерлік шеберліктің арқасында ерекше интерпретацияға ие болды. Бұл дегеніңіз ұлттық стиль — ұлттық мінез бен ұлт бірлігін айшықтай отырып, ел мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігіне айналуының тағы бір дәлелі. Ұлттық киім күні – киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдени әралуандығын танытуға мүмкіндік береді.

<https://www.facebook.com/share/p/2iqFwUHsTDBUAXWQ/?mibextid=xfxF2i>

19 Наурыз - Жаңару күні

Тал егу акциясы – өте маңызды іс екені сөзсіз. Тал – бейбітшілік нышаны, табиғаттың нәзіктілігі және оны қорғау қажеттілігін еске түсіретін белгі.

Бүгінгі еккен талдар ауылдың экологиялық жай - күйін жақсартатыны да белгілі.

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген аталы сөзді ұран еткен №39 "Қызылөзек" орта мектебі ұжымы және мектеп шәкірттері атадан балаға жалғасып келе жатқан мұралардың бірі - тал отырғызу дәстүрін жалғастыру мақсатында арнайы мектеп бағына әкелінген жас көшеттер отырғызу жұмыстарын жүргізді. Көшеттер бекіп, қатайып кеткенше ерекше баптауда болады. Сонымен қатар, ағаш отырғызуға мектебіміздің директоры, ұстаздар ат салысты. Ондағы мақсат - жастарымыздың бойындағы патриоттық сезімді қалыптастыру және табиғатты аялауға шақыру болып табылады. Бұл іс-шара өз кезегінде тазалыққа да, аймағымызды жасыл желекке айналдыру жұмыстарына да үлкен септігін тигізері сөзсіз.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02udyr2LrV71ZjmgDgXhE6LMEZsZoqrjeRXHyWb3QMnaJyBhUcKqhyebSjgjGGVCQ1l&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=R UbZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02udyr2LrV71ZjmgDgXhE6LMEZsZoqrjeRXHyWb3QMnaJyBhUcKqhyebSjgjGGVCQ1l&id=100044570716415&sfnsn=wa&mibextid=R UbZ1f)

«Домбыра Party»

Домбыра Party, Домбыра пати — қазақтың ұлттық аспаптарын, соның ішінде жалпыхалықтық саз құралы ретінде домбыраны, ұлттық музыканы, ұмытыла бастаған игі дәстүрлерді қайтадан сәнге айналдыру және жалпы ұлттық құндылықты насихаттау мақсатында туындаған флеш-моб форматындағы қозғалыс.

Осыған орай, 20 наурыз күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде "9 айға 9 іс-шара" жобасы аясында, мектеп директорының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары С.Қоқыбасовтың ұйымдастыруымен, Ә. Нұрділдаевтың жетекшілігімен "Домбыра" үйірме мүшелері күй орындады.

Мақсаты: ұлы тұлғаларымыз бен ұлттық өнеріміз арқылы жаңғыруына үлес қосу. Қазақ халқы рухының биіктігін, ойының тереңдігін, көңілінің кеңдігін күй арқылы ұғындыру. Үйірме мүшелері мектеп фойесінде «Ер Тұран» күйін орындап, оқу ордамызды күмбірлеген әдемі әуезбен әрледі. Оқушылар мен ұстаздарға жақсы көңіл-күй сыйлай білді.

<https://www.facebook.com/share/p/gMd777wNAbQZzBe8/?mibextid=xfxF2i>

«Тоғыз Айға 9 Іс-шара»

№39«Қызылөзек» орта мектебінің 8-10сынып оқушылары арасында "Тоғыз айға, тоғыз іс-шара" бағдарламасы аясында балалардың ойлау қабілетін дамыту мақсатында «Шахмат және тоғызқұмалақ-ұлтымыздың ақыл ой спорт түрі» ойыны ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/KSSbMCwCthz9mufy/?mibextid=xfxF2i>

«Әкем үйреткен» акциясы

39"Қызылөзек"орта мектебінде «Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан» Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспарына сәйкес "Әкем үйреткен" акциясы ұйымдастырылды. Отбасында әке тәрбиесінің мектебін кітап оқу дағдылары және әкеге көмек беруін қалыптастыру.

Әкемен оқимын, әкем оқыған бір кітап, әкем ұсынған кітап, әке мұрасы тақырыптары бойынша түрлі әдебиетті әкесімен бірге оқуды дамыту.

Үй кітапханасын насихаттау. Әке өнегесін үйрену мақсатында

6- сынып оқушысы Бақтыбай Жайдар және

3-сынып оқушысы Бақтыбай Жахангер атасымен бірге кітап оқыды.

<https://www.facebook.com/share/p/v85ttEGLREfwfUkS/?mibextid=WC7FNe>

«Ескерткіштерді қорғау» күніне орай ауылымыздағы ескерткіштерге тазалық жұмыстары өтілді.

ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОЛДАУ-ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Бүгін 39"Қызылөзек"орта мектебінің өзін өзі басқару «Мектеп парламенті» оқушылары ескерткіштерді қорғау күніне орай, ауылымыздағы ескерткіштерге тазалық жұмыстарын жүргізді.

Тарихи мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызы зор мәдени мұрамыз.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02RQHbofC7Qqtc2kxCNnzC5SYsGMV3oD64aPwXdnhkcv4ZaCSq9r7ndg6a1e3cHpanl&id=100044570716415&mibextid=WC7FNe](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02RQHbofC7Qqtc2kxCNnzC5SYsGMV3oD64aPwXdnhkcv4ZaCSq9r7ndg6a1e3cHpanl&id=100044570716415&mibextid=WC7FNe)

«Өмірін өлеңімен өрнектеген» жергілікті ақын Бозымбай Қоқыбасұлының шығармашылық кеші өтілді.

19 сәуір күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде жергілікті ақын, мектебімізде ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып, ел құрметіне бөленген ақынжанды ұстаз Бозымбай Қоқыбасұлының шығармашылығына арналған «Өмірін өлеңімен өрнектеген» атты қалалық мәнерлеп оқу сайысы Қызылорда қалалық Білім бөліміне қарасты мектептердің 8-9-10 сынып оқушылары арасында өткізілді. Сайысқа 13 мектептен дарынды шәкірттер қатысып, бақ сынасты.

Сайыстың мақсаты мен міндеттері:

- Жергілікті ақын-жазушылардың құнды мұраларын ел арасына насихаттауды көздейтін

сайыс арқылы көркем шығарманың оқырмандар жүрегінен жол табуына ықпал ету;  
- өз елін, тарихын, туған тілін құрметтейтін, халқымыздың мол рухани құндылықтарын бағалай білетін тұлға болуына ықпал жасау;  
- шығармашыл, өнерлі, талантты жастарды анықтау, қолдау.

Жарысқа қатысушы оқушылар арнайы білім бөлімінің дипломымен, алғыс хаттарымен марапатталып, жүлделі сыйлықтарға ие болды.

Сайыс ережелеріне сай әділқазы алқасының шешімі бойынша:

«А.Хангелдин» атындағы №179 орта мектеп оқушысы Хакім Айзере - I орын иеленді.

№178 орта мектебінің оқушысы - Баяндаева Ақерке II орын;

№145 «Бірқазан» орта мектебінің оқушысы - Балғабай Нұржігіт II орын;

№268 орта мектеп -лицейінің оқушысы - Абзалқызы Гузель III орын;

№128 орта мектебінің оқушысы - Қуантай Ақсезім III орын;

№280 орта мектебінің оқушысы – Абдулла Қарақат III орын иеленді.

Сайыс соңында қалалық білім бөлімінің бас маманы Қанат Әлібекұлы, қалалық Білім бөлімінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Мылтықбай Мұстафаұлы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының маманы Маржан Бертайқызы сөз сөйлеп, бүгінгі шараның мән-маңызына тоқтала өтті. Мектебіміздің директоры Жасұлан Махмутұлы бүгінгі шараға қатысушылар мен жетекші ұстаздарға, сонымен қатар барша келген қонақтарға өз алғысын білдірді

<https://www.facebook.com/share/p/xYM4QxxMHSiemDPU/?mibextid=WC7FNe>

«Өмірін Өлеңімен Өрнектеген» Бозымбай Қоқыбасұлы атындағы кабинет ашылуы.

19 сәуір күні №39 «Қызылөзек» орта мектебінде жергілікті ақын, мектебімізде ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып, ел құрметіне бөленген ақынжанды ұстаз Бозымбай Қоқыбасұлы атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті ашылды. Бозымбай Қоқыбасұлы саналы ғұмырын білім саласына арнаған парасат-пайымы мол, өз мамандығын ерекше құрметтей білген, туған жеріне адал қызмет еткен ұстаз.

Шараға ардагер ұстаздың балалары, туыстары, ауыл ардагерлері және Бозымбай ағайдан тәлім алған мектеп түлектері арнайы қонақ ретінде шақыртылды. Ұстаздың көзін көрген замандастары естелік әңгімелерін ортаға салды.

Шара барысында қалалық Білім бөлімінің ардагерлер кеңесі Мылтықбай Мұстафаұлы, қала бойынша ардагерлер

кеңесі төрағасының орынбасары Күлай Сағындыққызы бастаған бір топ ардагерлер қатысып, бүгінгі шараны ұйымдастырушыларға ізгі тілектері мен ақ батасын арнады.

Кабинет сабақ өткізу үшін барлық техникалық құралдармен жабдықталған. Салтанатты шара басында мектеп директоры Байжанов Жасұлан Махмутұлы бүгінгі шараның маңыздылығын атап өтті және ұстаздың отбасына және мектеп ұжымына құттықтау тілегін жолдады.

Білім саласында еңбегі сіңген Бозымбай ағайдың тағылымы терең өмірін, өшпес ізін атқарған ұлағатты жұмыстарын келешек жас ұрпаққа таныстыру мақсатында ашылған бұл кабинеттен талай шәкірт білім алып, биіктен көрінеді деген сенімдеміз.

**ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА "АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ" АКЦИЯСЫМЕН ЖАЛҒАСТЫ ТАЛ ЕГУ-ТӘРБИЕ БАСПАЛДАҒЫ**

Қоршаған ортаны қорғау өзекті мәселе. Ағаштармен алуан түрлі өсімдіктерді отырғызу, қоршаған ортаны көгалдандыру жұмыстарының маңызы зор. Тал егу – табиғатты аялау.

«Бір тал кессең, он тал ек...» деп ұрпағына ұлағат еткен текті ұлтымыз ағаш егудің игілігін тегін өсиет етпесе керек. Иә, әрбір ағаш қандай да бір тіршілік иесінің пайдасына асса, бір құс ұя салып, жемістерін жесе, бір адам көлеңкесін саялап, кәдесіне жаратса, осының өзі үлкен сауапты іс. Ағаштың экологиялық мәселені, ғаламдық жылынууды реттеуде және топырақты бекітуде де маңызы зор екендігі баршамызға аян. Осы тұста №39 «Қызылөзек» орта мектебінде қалалық Білім бөлімінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Мылтықбай

Мұстафаұлы, қала бойынша ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күлай Сағындыққызы бастаған бір топ ардагерлер мектеп жанындағы «Ардагерлер аллеясына» тал-терек отырғызып, аталмыш шараның мән-маңыздылығына тоқталды.

